

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

4/2014 СӘУІР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Динара ҒАББАСОВА.	Көптілділік – полимәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі.....3
Қарашаш ҚАЙСАҚЫЗЫ.	Кәсіби тілді үйреткен сөйлесім әрекеті.....10
<i>Тиімді әдіс – баришаға ортақ</i>	
Альбина ҰЛМАҒАМБЕТОВА.	Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы.....18
Рысты АРЫСТАНОВА.	Интерактивті тақтаны қолдану жолдары.....25
Бақкүл КӨРПЕБАЕВА.	Ойын технологиясының тиімді жағы.....32
Бақыткүл МУТАИРОВА.	Интерактивті әдіс-тәсілдер.....38
Назира КЕКІЛБЕКОВА.	Үштілділік – игілікті құбылыс.....47
<i>Рухани дүниемізде</i>	
Әлия ЖАРҚЫНБАЕВА, Айгүл САДЫҚОВА.	Сыныптан тыс жұмыстарда – халықтық педагогика.....54
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Бейнегүл ОРАЛБАЕВА.	Абай – қазақ әдебиетінің көшбасшысы.....58
<i>Мемлекеттік тіл – ел тірегі</i>	
Гүлзағира ТАСТАҒАНОВА.	Тіл қадірі.....66
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Роза ОТАРБАЕВА.	Өз ойыңды еркін жеткізер домбыра.....72
Мәншүк АХМЕТОВА.	Сөз түрлерінде – өнер.....78
Күләш ҚАСЫМЖАНОВА.	Сөйлеу тілін дамытуда – туған жер.....81
Ләззат ДОСАХАНОВА.	Есімшенің жасалуы мен түрлері.....89
Марал ҚОЖАБЕКОВА.	Сауаттылыққа баулыған дәрігер.....93
<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Анар КӨБЕКОВА.	Астана – бас қала.....98
Раушангүл ШӘКІРОВА.	Астана – бас қала.....102
<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Қамажай ҚЫДЫРӘЛИЕВА.	Бізді ойлантып көктем келді.....106
Балкен АБЫЛБАЕВА.	Тілі тәтті алтын күз.....109
Динара НҮРОВА.	Жуан және жіңішке айтылатын сөздер.....113
<i>Білім сынағында</i>	
Несіп ҚАМАРОВА.	11-сыныпқа арналған тест сұрақтары.....118
<i>Ойын – ойдың өрісі</i>	
Жанаркүл ҚОШАМЕТОВА.	Ойлау қабілетін дамытудың асық ойыны.....122
Айтөлқын МЕНДЕКЕЕВА.	Жүйелі сөйлеуге жетелеген халықтар достығы.....132
<i>Ұлыстың ұлы күні</i>	
Жаңылған АХМЕТОВА.	Сөздік қоры мол Наурыз тойы.....136

Динара ҒАББАСОВА,
Павлодар қаласындағы
№6 жалпы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

**КӨПТІЛДІЛІК –
ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ТҮЛҒАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ**

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету мәселесіне ерекше мән берілген. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады.

Қазақ тілін оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою – бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Педагогикалық жұмыстың осы бағытындағы мәселелер, оларды шешу жолындағы ұмтылыстар, ізденістер нәтижесінде көптілді және билингвалды білім беру саласында біраз тәжірибе жинақталды.

Көптілді және билингвалды білім беру үлгісін енгізудің идеялық негізіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында айтқан «Бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл – біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет» деген сөздері басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада:

- бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы;
- ұлттық мектеп бітірушілерін жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;
- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;
- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпықазақстандық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;
- мектеп бітірушілердің коммуникативтік және ақпараттық құзырлылықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсат анықталды. Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп

мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақ тілін оқу құралы ретінде пайдалану:

Әр түрлі пәндерді қазақ тілінде оқыту;

Аудармасыз оқыту;

Көптілді оқытуда мектеп, отбасы, педагогикалық ұжым мен жұртшылықтың ынтымақтастығы;

Тіл меңгеру және мемлекеттік білім стандарттары деңгейінде;

Оқытудың жеке, жұптық, топтық және ұжымдық формаларын біріктіру.

Бір тіл ұстанымы.

Әлемдік білім берудің іс-тәжірибесі негізінде де (АҚШ, Франция, Англия, Германия елдерінде) мемлекеттік тілді білу арқылы жүзеге асыру басшылыққа алынады.

Қазақ тілінің өзге ұлт мектептерінде оқытылуы – мемлекеттік тілдің өркендеп дамуына, келешекте ғылым тіліне айналуына жол ашу деген сөз. Мектебімізде қазақ тілін оқыту бірнеше жылдардан бері төмендегідей арнайы ережелерді басшылыққа ала отырып, кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келеді:

- пәннің білім мазмұнын анықтау. Дамытушылық ұстанымдарын басшылыққа алып, оқуға пайдаланатын материалды нақтылау;

- оқу-тәрбие үрдісінің оқушылардың жас және жеке дербес ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай құрылуы;

- бағдарлама оқушыға қиындық туғызбау үшін оны шамадан тыс толықтырып, күрделендірмеу;

- оқушылардың негізгі бағдарлама мазмұнын жоғары деңгейде меңгеруі;

- бүкіл оқуда әр түрлі қолжазба материалдарымен, қосымша әдебиеттермен, электрондық оқу құралдарымен толықтырып отыру;

- оқушының өз бетінше жұмыс істеуіне, ой-өрісін кеңейтуіне мән беру;

- жыл бойы білім дәрежесін үздіксіз тексеріп, диагностикалық талдау жүргізу;

- қазақ тілі пәнінен оқыту-әдістемелік кешендер әзірлеу, қазақ тілі пәнін оқытудың оқу-материалдық базасын нығайту.

Мемлекеттік тілді осылайша оқыту өз жұмысын беріп келеді. Оның қолдану аясын кеңейту мақсатында мектепте көп жұмыстар қолға алынған:

1. Қазақ тілді ортаны қалыптастыру үшін аптаның сәрсенбі күні «Бірыңғай мемлекеттік тілде сөйлейік» шарасы өткізіліп тұрады. Ұжым арасында мемлекеттік тілді қаншалықты деңгейде білетінін сынайтын сайыс, оқушылар арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Қазақшаңыз қалай?» атты сайыстар өткізіледі.

2. Оқушылар арасында тілді дамыту мақсатында өзге ұлт арасында мемлекеттік тілді білу деңгейіне байланысты «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты қалалық байқаулар ұйымдастырылады.

3. Ата-аналар мәжілісі, педагогикалық кеңестің бастамасы қазақ тілінде басталады.

Мектебімізде «Көптілділік – жан-жақты мәдени тұлғаны қалыптастыру негізі» атты педагогикалық кеңес өтті. Бұл педагогикалық кеңеске мектеп әкімшілігі бір айға жуық дайындалды. Мектеп әкімшілігімен жұмыс жоспары дайындалды. Мектеп ішіндегі тілдік жағдаят қарастырылды. Алдын ала оқушылар

мен мұғалімдер ұжымы арасында көптілділікке қатысты сауалнама өткізілді. Сауалнама 3-11-сынып оқушылары арасында өткізіліп, 187 оқушы қатысты. Бірінші сауал: Көптілділікті біздің мектепке енгізудің көкейкестілігін жақтағандар саны – 164 оқушы (88%), келіспеген – 26 оқушы (12%), екінші сұрақ – сабақты және сыныптан тыс шараларды қазақ, орыс, неміс, ағылшын тілінде өткізу ұнай ма? деген сауалға 152 оқушы (81%) ұнайтынын жазған, ұнамағандар саны – 35 оқушы (18%). Ал ұстаздар арасында бірінші сауалға «жоқ» деп жауап бергендер саны – 7 (17,5 %), «иә» деп жауап бергендер – 33 (82,5%). Бұл сауалнама нәтижесін сараптай келе мынадай шешімдер шығаруға болады:

1. Оқушылар мен ұстаздар ұжымы көптілділікті енгізудің маңыздылығын түсінеді, оның мектеп үрдісіне енуін жағымды көзқараспен қабылдайды.

2. Мектеп ұстаздары үштұғырлылықты, ең алдымен, сыныптан тыс шараларда, содан кейін сабаққа енгізуге болатынын атайды.

Сонымен қатар үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілін сабақта қолдану көрінісі берілді. Ұстаздармен ашық сабақ көрсетілді. Педагогикалық кеңес отырысында ашық сабақ көрсеткен ұстаздар өз сабағынан бейне фрагменттер көрсетіп, оның нәтижесін, жағымды жақтарын дәлелдеп берді. Кеңес соңында рефлексия жасалып, бағалау парағы таратылды.

Әр ұстаз өз ойын, көзқарасын білдіре алды.

Көптілді және билингвалды білім берудің бейімделген үлгісін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің нәтижелерін сараптау, сандық және сапалық талдау біздің іс-тәжірибеміздің тиімділігін дәлелдей түседі. Оқушылардың оқуға қызығушылығы артты.

Орта мектепте үш тілде оқытудан мына нәтижелерге жетуге болады:

- ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;

- Түлектің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;

- Көп мәдениеті, рухани- адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;

- Ұлттық және жалпы қазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;

- Мектеп түлектері еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету – парыз. Ендеше, жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылысын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз.

Өзім сабақ беретін, орыс тілінде білім алатын 6-7-сынып оқушыларына мемлекеттік тілді меңгертуде кедергілер болды. Бірақ тіл үйрену бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырдым, сабақтан тыс уақыттарда сынып балаларын қатыстыра отырып, тек қазақ тілінде грамматикалық ойындар мен мәдени-тәрбие

сағаттарын өткіздім, әдебиет сабақтарында өтілетін оқу материалдарының ыңғайлы жерлерін сахналық қойылымдарға айналдыра орындаттық. Сонынан «Қуыршақтар отауы» үйірмесін ұйымдастырдық. Балалар қызығушылықпен «Қасқыр мен түлкі», «Жетілак» сияқты ертегілерді қуыршақпен ойнатып, сөйлетті. Мұндай көріністермен «Самал» орталығына «Түлкі мен қоян», № 122 балабақшасына «Жасартатын келдек» атты ертегі қойылымдарымен саяхатқа шықты.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын элементтерін молырақ пайдалану тиімді болып шықты. Балалар тілдік кедергілерді жеңіп, қазақ тілінің грамматикасын меңгерді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін көптілді формат бағдарламасы бойынша оқытудағы мәселелер төмендегіше болды:

1. Көптілді мектептерге арналған арнайы оқулықтар шығарылуы қажет;

2. Көптілді мектептерге арналған маман кадрлар даярлау қолға алынуы тиіс;

3. Көптілді форматпен оқытуға арналған қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулықтар құрылуы керек;

4. Материалдық база жеткіліксіз;

Көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік деп айтар едік.

**Қарашаш ҚАЙСАҚЫЗЫ,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
Тіл теориясы және әдістемесі
кафедрасының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі.**

КӘСІБИ ТІЛДІ ҮЙРЕТКЕН СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІ

Еліміздің Ұлттық бірлік доктринасында мемлекеттік тіл рухани және ұлттық бірліктің басты басымдылығы және негізгі факторы болып белгіленген. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы, жеке бәсекеге қабілеттілікті және қоғам өміріне белсенді араласуды анықтау үшін ынталандыру болуы тиіс. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Барлық қазақстандықтарды біріктірудің негізгі факторы болып табылатын қазақ тілін одан әрі дамыту үшін біз барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Сонымен қатар елімізде тұрып жатқан ұлттар мен ұлыстар өз ана тілінде еркін сөйлей білу және оқу, оны дамыту үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалуы керек» деп атап көрсетті.

Тілдерді оқыту әдістемесін жетілдіру және бағдарламалардың мазмұнын жаңарту ісі жоғары деңгейлі пәндік, тілдік, сөйлесімдік, қатысымдық,

этномәдени танымдық нәтижелерге бағытталған, жалпы дидактикалық ұғымдағы барлық оқыту әдістерін үйлесімді біріктіру нәтижесінде ғана мүмкін. Тілдік білімді қатысымдық тұрғыда меңгеру үшін (тілдік қызметті сөз, сөз тіркесі, сөйлем тұрғысында меңгеру) оқушыларды күнделікті қарым-қатынасқа қажетті тақырып бойынша лексикалық-фразеологиялық және грамматикалық қосымша құралдармен, диалогтің құрылымдық-мазмұндық түрімен, монологтің функционалдық-мәндік түрімен анықталған нақты білімдермен қамтамасыз ету қажет.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту мазмұны студенттерді тілдік қатынастың жаңа тәсілін ғана емес, сол тілде сөйлейтін қазақ халқының мәдениетін, сөйлеу дағдысының ұлттық-мәдени ерекшелігін білуге бағыттап отыруы керек. Ол әр студенттің бойында басқа қоғамның қазіргі өмірінің, тарихы мен мәдениетінің түрлі салалары туралы түсінік қалыптастыруға тиіс. Мұндайда студенттерге осы елді мекендеген қазақ халқының мәдениеті арқылы пәнді оқытудың алғашқы қадамынан бастап үнемі жүзеге асыруға тиіс. Осыған байланысты социомәдени білім, эквивалентсіз лексиканы, оқылатын тіл иесінің мінез-құлық этикетін, географиялық, табиғат ауа райы, саяси ерекшеліктерін, елдің тарихынан негізгі мәліметтерді, ұлттық дәстүрлерін, мерекелерін білу, оларды өз тәжірибесімен салыстыра білу өзекті болмақ. Қазақ тілді кәсіби бағытта оқыту мазмұнының социомәдени

компонентінің мәні – қазақ ұлтының өмір салтын жарнамалау емес, студенттердің жалпы, әлеуметтік, мәдени дүниетанымын кеңейту, оларды саналы және зияткерлік қызметке, өз социумы мен басқа мәдениет өкілдерінің мінез-құлық ерекшеліктеріне төзе білуге ынталандыру.

Оқу үрдісінің сапасы оқытушының кәсіби шеберлігіне де, студенттің оқу пәнінің міндеті мен мазмұнын түсініп қабылдауына да тең дәрежеде қатысты. Студент сөйлеу дағдысы мен әдеттерін меңгеру қызметін тиімді де нәтижелі құруға, топтастарымен, оқытушымен еркін тілдік қатынас орнатуға, кәсіби мәтіндермен жұмыс істеуге дағдылануы тиіс. Сондықтан студенттің тіл үйрену стратегиясын құрайтын оқу шеберлігі кәсіби қазақ тілін оқыту мазмұнының маңызды компоненті ретінде айырықшаланып тұрады.

Жоғары оқу орындарында кәсіби тілді үйрету тәсілдерінің бірі – сөйлеуге үйрету. Сөйлеу – адамдар арасындағы тілдік қатынасқа жататын сөйлеу әрекетінің бір түрі. Сөйлеу әрекетінің түрлерінен адам өз ойын басқаға жеткізіп, дәлелдей алады, өзінің көңіл-күйін, қуанышын, ренішін білдіреді, сендіреді. Сөйлеудің екі түрі бар. Оның бірі – монолог, екіншісі – диалог. Бұлар бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың арасында елеулі айырмашылықтар бар. Монолог – жеке адамның біреуге арнап айтқан сөзі, бұл сөйлеудің ерекшелігі – бір адам сөйлейді, басқалары тыңдайды. Диалог мазмұнына байланысты сөйлеушілердің

көңіл-күйі, дене қимылы, мимикасы өзгеріп тұрады. Сол себепті диалогқа үйрету кезінде алдымен студенттердің сұраққа жауап бере алуын, біреудің әңгімесін қолдай алуын, әңгімені жалғастыра алуын, бұйрық бере алуын, шақыра алуын, біреуге өтініш жасай алуын қадағалап, осыған сәйкес жұмыстар жүргізу қажет.

Алдымен студенттер тірек сөздерді қолданып, игерілген сөз тіркестерін, өткен грамматиканы қолдана отырып, біреумен әңгіме жүргізе алатын болады. Сөйлеу көлемі әр студентке 5-6 сөйлем құрылымынан болуы керек. Студент барлық тірек сөздерді пайдалана отырып, өтініш айтуға, бұйрық беруге, өз ойын жеткізуге үйренеді, өзінің басқа біреумен келісетін-келіспейтінін білдіреді, пікір айтуға үйренеді, қайта сұрауға үйренеді.

Мысалы, тарих мамандығына оқитын студенттерді диалогқа үйретуде көретін тарихи кинофильм, бейнефильмдердің, арнайы оқылған тарихи оқиғалар жайындағы әңгімелердің маңызы зор. Студенттер осы тақырыптарға байланысты әңгімелесіп, олардың кейіпкерлері туралы өз ойларын бір-біріне айтады, келісетін-келіспейтіні туралы әңгімелеседі. Әр студент 2-3 сөйлем құрылымын айтып, бір-бірімен пікір таластырады.

Егер студенттерді бірлестікке үйрете алсақ, олар сөйлеуге тез үйренеді. Ал егер студенттер жеке сөйлем үлгілерімен шектеліп қалса, онда бұл сөйлем үлгілерін біріктіре алмайды. Жалпы кез келген

тілдерді оқыту әдісі бойынша диалог түрінде сөйлеуге үйрету саласында сұрақ-жауап беруге үйрету қажет. Әрине, диалогта сұрақтар мен жауаптар үлкен орын алады. Бірақ диалогты сұрақ-жауап беру деп қана түсінбеу керек. Мамандыққа қатысты болатын әр жағдайда қажетті тірек сөздермен бұйыра, шақыра, өтіне алу мүмкіндіктеріне жеткізу деп те түсіну қажет. Мысалы, біреуді іскери кездесуге шақыру, біреуге телефон соғу, біреуді құттықтау, шақыруды қабылдау, қабылдамау, бір мекемеге бір нәрсе хабарлау, серіктестермен кездесу.

Сонымен қатар, сөйлеушілердің сөйлеу үлгілерінің функционалдық ара қатынасын мынандай 3 топқа бөлуге болады:

1) ақпаратты хабарлау – сөзбен жауап қайтару, толықтыру, қосымша ақпарат сұрау;

2) ақпарат сұрау – оған сөзбен жауап беру, ақпарат беруден бас тарту;

3) өтініш, ұсыныс, кеңес түрінде іс-әрекетке қозғау салу, сөзбен жауап беру, ақпаратты хабарлау (өкініш білдіру, ұсынысты қабылдау, күмәндану).

Алдымен диалог құру үшін сөйлеу үлгілерін үйрету керек. Сөйлеу үлгілері дегеніміз – түрлі сөйлем құрылымдары. Егер біреуге бір нәрсе туралы айту керек болса, хабарлау керек болса, онда сөйлеу үлгісі ретінде хабарлы сөйлем қолданады, ал біреулерден ақпарат сұрау, мәлімет алу керек болса, онда сөйлеу үлгісі ретінде сұраулы сөйлемдердің үлгілері қолданылады. Біреуді бір нәрсеге жұмсау

үшін, бұйрық беру үшін бұйрық райлы сөйлемдердің үлгілері қолданылады.

Бұл сөйлемдерді қолдану үшін студент осы сөйлем үлгілерінің бәрімен жұмыс істей алуы қажет, тек сонда ғана олар сөйлеу үлгілерін өз сөзінде қолдана алады. Сұрақ-жауап бірлестіктеріне үйрету үшін оқытушы алдымен өзі студенттерге сұрақтар қояды, одан студенттер екі топқа бөлініп, бір-біріне сұрақ қояды да, оларға қарсы топ жауап береді.

Қазіргі кездегі ең тиімді әдіс түрлері деп рөлдік ойындарды, дөңгелек үстел және сайыс сабақтарды айтуға болады. Егер өтілетін тақырып Отан соғысы туралы болса, төмендегідей тапсырмаларды қолдануға және жағдаяттарды беруге болады. Жағдаяттарды негізге ала отырып, шағын диалогтан бастап, диалогты күрделендіре беруге болады. Қазақстанның сол кезеңдегі жағдайлары, қалалары, елді мекенінің хал-ахуалы, халқының тылдағы ерлігі, соғысқа қатысқан қазақстандықтар, Отан соғысының батырлары, қазақстандық 28 панфиловшылар туралы әңгіме, мәтін оқи отырып, осыған талдау жасауға, диалог құрастыруға жұмылдыру. Мысалы, «Қазақтың батыр қыздары», «Бауыржан Момышұлы», «Партизан қызы» атты мәтіндерді оқып-талдату, сөз тіркестерімен жұмыс жасату арқылы студенттерді кәсіби қазақ тілінде сөйлеуге үйретумен бірге ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысы қатар жүзеге асады.

Сөйлеуші өзінің ойын қалыптастыруда өзінің белсенділігін басшылыққа алады, заттық-мағыналық

мазмұн мен тілдік материалды таңдайды, тілдің мәнерлі құралдарын кірістіреді. Монологтік пікір білдіру – бұл арнайы қалыптастыруды қажет ететін ерекше және күрделі білім. Монологтік пікір білдіру – бір тұлғаның белгілі бір жағдайды бағалауына, ойын білдіруге, т.б. қатысты ашық пікірін байқататын сөзі. Монологтік тіл – тілдік емес ақпараттардың аз қолданылатын тілдік түрі болып табылады. Бұл – тілдің белсенді және еркін түрі. Оны жүзеге асыру үшін студент бір тақырыпты алып, соның негізінде өзінің пікірін білдіруі қажет. Мысалы, «Қазіргі кезеңде батырлар кездесе ме?», «Мен қазір қандай ерлік жасай аламын?» сияқты тақырып төңірегінде монолог дайындау. Монологтік тіл – тілдік емес ақпараттың аз қолданылатын түрі.

Монологтік тілдің нәтижелілігі коммуникативтік мақсатқа қарай тілдік құралдарды және ойды білдірудің кейбір тілдік емес коммуникативтік құралдарын дұрыс таңдай білумен тығыз байланысты.

Студент қазақ тілінде, мысалы, растаудың, өтініштің, шақырудың, келісудің, келіспеудің әр түрлерін, сұрақтың түрлі типтерін, ұсыныс, күтпеген жағдай, теріске шығару, сендіру, келіспеушілік, т.б. жағдайлардағы көңіл-күйлерді де білдіре алуы керек.

Тұлғаның нақты біреуге қаратып сөйлеуінде немесе шешендік сөзде біреулерге қаратып айтылатын монолог – сөйлеу монологі болады. Мұндай монолог тілдесу барысында тыңдаушыны өзіне қаратып алуды көздейді. Бұл – диалогтағы монолог. Сондықтан мұнда шешендік сөзге тән: лепті

сөйлемдер, жалпылау сөйлемдер, шешендік тілдік формалар, ішкі диалог, өткір афоризмдер, т.б. аудиторияға әсер ету құралдары көп қолданылады.

Қорыта айтқанда, тіл үйретуде ең маңызды нәрсе – сөйлей білу мен ауызша айтылғанды қабылдай білу. Тіл үйрету тәжірибесі арқылы, студенттердің кәсіби сөйлеу дағдысын дамытудың, басқа дағдыларды қалыптастыруға қарағанда, өте қиын екені дәлелденген. Тілдің көмегімен іс жүзінде кәсіби қарым-қатынас жасау, адамдар арасындағы пікір алмасудың, байланыстың қажеттілігі болған кезде жүзеге асады. Табиғи тілдік байланыс жағдайында таза күйіндегі монолог сирек кездеседі. Көбіне ол диалогтік тілдің элементтерімен араласып келеді, яғни, диалогтағы монолог болып табылады. Монологтік тілді үйретуде қолданылатын жұмыстардың типтері біртұтас болуы қажет. Тіл үйренушінің тілді білуге деген ынтасын оята білу мен тіл үйренушінің өзінің тіл үйренуде алға жылжып бара жатқанына көзін жеткізу қажет. Бұл кәсіби қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Қазақстан халқына арналған «Мәңгілік ел» Жолдауы. А., 2014.
2. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы. 2008.21.11.

Альбина ҰЛМАҒАМБЕТОВА,
Ақтөбе облысының
Мұғалжар ауданындағы
Қандыағаш қалалық
№2 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДИДАКТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІ ІРІЛЕНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бүгінгі таңда республикада компьютерлік бағдарламалар шығарылып, оқытудың жаңа технологиялары оқу үрдісіне енгізіліп, оңды нәтижелер беруде. Олар – модульдік, деңгейлік, жаңаша жаңғыртып оқыту, дамыта оқыту, даралап, саралап оқыту, ойын арқылы оқыту, оздыра оқыту, ынтымақтастық педагогикасы, ізгілендіру технологиялары. Аталған технологиялардың ішінде қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне қатысты дидактикалық бірліктерді ірілендіру (ДБІ) арқылы оқытудың маңызы ерекше.

Тіл үйрету үрдісінде біртектес немесе ұқсас ұғымдарды бір-бірімен жақындастырып, топтастыру білімді біртұтас шоғырландыруға негіз болады. Осының нәтижесінде тіл үйренушілер оқу ақпаратын іріленген мазмұнда жинақы қабылдайды. Ол оқу материалын жүйелі түрде және бірізділікпен қайта құруды қажет етеді.

Қазақ тілін ДБІ технологиясы арқылы үйретудің тілдік қатынасты жүзеге асыруда тигізетін септігі мол. Бұл ретте тіл үйренушілердің тек кәсіби бағыттағы тақырыптармен шектелмей, әдебиет, баспасөз материалдарынан қажетті ақпаратпен танысуларына көңіл бөлінеді. Мұнда баяндама, реферат, шағын мәліметтер даярлау, түрлі тақырыпта шығарма жұмыстарын жазу, мәтінмен жұмыс түрлері, мәтінді диалогке, керісінше, сұхбатты монологке айналдыру, берілген жағдаятқа қатысты тапсырмалар орындау, сөздікпен жұмыс, түрі өзгертілген тапсырмалармен жұмыс сияқты амал-тәсілдер кеңінен қамтылады.

ДБІ технологиясы арқылы қазақ тілін оқытудың ұтымдылығы – алдын ала қарастырылған ішкі байланыстары бар тапсырмалар жүйесі. Ірілендіру ұстанымына негізделген белгілі бір жаттығулар жиынтығы, олардың қатаң түрдегі бірізділігі оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрену барысында тілдік құралдарды саналы түрде және берік меңгеруге жетелейді.

ДБІ технологиясы арқылы лексиканы игерту кезінде бірліктерді ірілендіру мазмұны төмендегідей ұстанымдарға негізделді:

1. Бірізділік;
2. Жүйелілік;
3. Сабақтастық;
4. Тұтастық;
5. Шоғырлылық.

Бірізділік ұстанымы меңгертілетін материалдарды бірінен соң бірін үйлестіріп, бір ізге түсіріп ұсынуды көздейді: бірінші тапсырмада іріленген грамматикалық бірліктердің түсініктері; екіншісінде, мысалдары;

үшіншіде, іріленген бірліктерді ажырату тапсырмасы ұсынылады.

Сабақтастық ұстанымы орындалатын тапсырмалардың арасындағы үндестікті, байланыстылықты қамтамасыз етеді. Сабақтастырыла оқытылған материалдар оқушы санасында берік орнығып, керек кезінде еске емін-еркін түсіруіне жағдай жасайды.

Жүйелілік – дидактика ұстанымдарының маңыздысы. Кез келген материал, лексика болсын, грамматика болсын, белгілі бір жүйеде берілуі қажет. «Жүйесіз нәрсені жадында сақтау қиын. Егер тілде жүйе болмаса, егер ол бір-бірімен байланыссыз, ретке (тәртіпке) келтірілмеген, ұйымдаспаған, бөлшектері бүтінге бірікпеген, бытыраңқы элементтер күйінде болса, онда тіл адамның жадында да (санасында) сақталмаған болар еді, қатынас құралы болып қызмет етуге жарамас еді», - дейді ғалым К.Аханов [3, 5-б.] .

Шоғырлылық ұстанымы білімді бөлшектеп емес, топтастырып қабылдауға мүмкіндік береді. Біртектес, ұқсас ұғымдарды топтастырып, бір мезгілде оқыту сапалы білім беруге негіз болады.

Тұтастық ұстанымы игертілетін тілдік бірліктердің жеке-жеке бөлінбей, бүтіндей ұсынылуын қамтамасыз етіп, ақпараттың жинақы қабылдауына пайдасын тигізеді. Тұтастай алынған білім оқушылардың жадында ұзақ және берік сақталуына ықпал жасайды.

Аталған ұстанымдар тиімді жүзеге асырылуы үшін сабақта мынадай талаптарды орындаған дұрыс:

1. Іріленген тапсырмаларды орындау барысында олардың барлық құрама бөліктері бірізділік негізінде жүзеге асырылуы шарт (бір сабақтың шеңберінде).

2. «Бір мезгілде» оқытуда өзара байланысты мысалдар мен тапсырмаларды орындау кезінде аз уақыт арасында аяқтау қажет. Уақыт мөлшері (санаулы) бірнеше минут болуы шарт.

3. Берілген тапсырманы орындау барысында оқушының ойы басқа нәрсеге бөлінбегені дұрыс.

4. Бір мезгілде орындалатын тапсырма үйге немесе ұзақ уақытқа созылмауы тиіс. Тек осындай жағдайда ғана 15-20 минут аралығында операциялар белсенді фазада жүзеге асырылып, жұмыстың табысты болуына себін тигізеді.

Өзара бір-бірімен байланысты біртектес білімдерді бір мезгілде қарастыру: біріншіден, білімді бөлшектеп емес, тұтас қабылдауға мүмкіндік береді, екіншіден, терең және сапалы білім меңгеруге жол ашады.

Өзара байланысты, ұқсас, біртектес лексика-грамматикалық бірліктерді (единицаларды) кесте және тірек-сызба арқылы оқыту.

Кесте, тірек сызбалар – қарапайым көрнекіліктер ғана емес, олар ережелердің жол көрсеткіші, ой қорыту амалы.

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы арқылы мамандыққа қатысты кәсіби сөйлесімге үйретуде қатарынан бірнеше грамматикалық бірліктер кесте бойынша ұсынылады:

1-кесте – Атау және табыс септіктері бойынша грамматикалық бірліктерді ірілендіру үлгісі.

АТАУ	ТАБЫС
1. Химиялық зертханада қауіпсіздік ережелері ілулі тұр. 2. Тәжірибе жақсы нәтиже берді.	Қауіпсіздік ережелерін тәжірибе жасағанда еске түсіру қажет. 2. Асқар зертханада тәжірибе жасады.

Тіл үйренушілерге Атау және Табыс септіктерінің қолданысын ажырату қиыншылық туғызады. Оларды кесте арқылы оқыту тиімді. Сырт тұлғалары ұқсас атау септігінде қолданылған сөздердің мағыналары бастауыш, екінші бағанадағы сөйлемдерде толықтауыш қызметін атқарып тұрғанын көрсетеді.

Ілік септік, тәуелдік жалғау мен иелік формада қолданылатын -нікі, -дікі, -тікі жұрнақтары бір мезгілде кестеде төмендегідей мысалдар арқылы түсіндіріледі. Оқу құралдарында Ілік септік септіктер қатарында, тәуелдік жалғауы жалғауларды оқытқанда, ал иелік форма мүлде бөлек беріледі. Аталған ұғымдарды топтастырып, бір сабақта өткен ұтымды.

2-кесте – Ілік септік, тәуелдік жалғау, иелік форма бойынша бірліктерді ірілендіру үлгісі.

Элементтің тобы	Топ элементтікі
Қышқылдың қасиеті	Қасиет қышқылдікі
Заттың иісі	Иіс заттікі
Судың буы	Бу судікі
Шөлмектің тығыны	Тығын шөлмектікі

Сонымен, 1-сабақтың шеңберінде мынадай бірліктер ірілендіріледі:

1. Ілік септік.
2. Тәуелдік жалғау.
3. Иелік форма.
4. Иелік форманың жіңішке нұсқасы.

Іріленген бірліктерді бір мезгілде үйрету мына тұрғыдан тиімді: біріншіден, өзара байланысты білімдер тіл үйренушілердің жадыларында берік және ұзақ сақталады; екіншіден, алған білімдерін керек уақытта жадыларына тез түсіре алады; үшіншіден, сабақ уақыты үнемделеді.

3-кесте – Барыс және Жатыс септіктері бойынша грамматикалық бірліктерді ірілендіру үлгісі.

БАРЫС (кімге?, неге?)	ҚАЙДА?	ЖАТЫС (кімде?, неде?)
Асан кеше зертханаға келді. Мұғалім ерітіндіге су қосты.		Мен зертханада болдым. Қышқылда оттегі бар.

Барыс және Жатыс септіктеріне қатысты ортақ сұрақты кесте бойынша бір сабақта меңгерту ыңғайлы. Студенттер екі септіктің қосымшаларын бір-бірімен шатыстырмай жұмсай алады.

Атау септігімен тіркесетін шылауларды топтастырып, сызбаның көмегімен былайша өрнектеуге болады:

1. Үшін.

Металды балқыту үшін өте жоғары температура қажет.

Химиялық шөлмекке тығын не үшін қажет?

Мен зертханаға тәжірибе жасау үшін келдім.

2. Туралы, жайында, жөнінде.

Біз бүгін қышқылдар  **жайында** айтамыз.
туралы
жөнінде (кейде (жөніндегі))

Мысалы, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары.

3. Арқылы.


Теорияны тәжірибе **арқылы** дәлелдейміз.

Әріптесіммен телефон **арқылы** сөйлестім.

Күн **аралатып** тәжірибе жасаймыз.

4. Сайын.

Жасаған тәжірибеге	Тәжірибе нәтижесінде
10 минут.....	алынған
бір тамшы ерітінді	зат тұрған.....



1-сызбада *үшін* жалғаулығы үш сөйлемде де мақсат пысықтауыш қызметін атқарады. Мұндағы үшінші сөйлемдегі шылауды *бола* сөзімен ауыстыруға болатынын түсіндірген дұрыс. Мен зертханаға тәжірибеге бола келдім.

2-сызбада *туралы, жайында, жөнінде* шылау сөздерінің мағынасы бірдей. Сабақта басқа ұлт өкілдері оқушыларының *туралы* шылауының мағынасын жақсы меңгергенін байқауға болады, ал сөз *жөнінде, жайында* жайлы болса, мүдіріп қалады. Сондай-ақ, *жөніндегі* сөздің мағынасын мынадай мысал арқылы түсіндірген жөн: Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары.

Арқылы сөзінің түрлі мағынадағы қолданысын 3-сызба бойынша ұсынған тиімді: бірінші сөйлемде өз мағынасында, екіншіде телефонмен сөйлестім деп айтуға болады; үшіншісінде қазақ тілінде «бір күн арқылы» деп айтылмайды, яғни, «күн аралатып» немесе «бір күннен кейін» деп ұғындырған дұрыс. Оқушылар септеулік шылауларға байланысты бір емес, бірнеше мәліметті бір мезгілде қабылдайды. 4-сызбадағы сөйлемдерден *сайын* шылауының бірнеше қолданысын байқауға болады: бірінші сөйлемде уақыт аралығын; екіншіде күшейткіш шылау; үшіншіде күнделікті сөзінің мағынасын иеленгенін көрсетеді.

Көзбен көріп ойлау – естуге қарағанда ақпаратты өңдеуді 100 есе күшейтетіні ғылыми тұрғыдан

дәлелденген. Олар оқушылардың ақпаратты көзбен көріп, есте сақтау қабілетін жетілдіреді және тілді үйренуге қызығушылығы мен ынталарын арттырады. Кесте және тірек сызба сөйлемдегі іріленген лексика-грамматикалық бірліктердің түрлі мағынадағы қолданысын ажыратуға, олардың мәнін жете түсінуге мүмкіндік туғызып, сөйлем ішінде дұрыс пайдалануға себін тигізеді, алған білімдерін іс жүзінде пайдалануға жол ашады.



РЫСТЫ АРЫСТАНОВА,
Астана қаласындағы
№ 22 мектеп-гимназия
мұғалімі.

ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі кезде мектепте жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы, ең алдымен мұғалімге байланысты. Қазіргі заман мұғалімінен өз пәнінің терең білгірі болуымен қатар, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси экономикалық, білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі технологияларды қолдану.

Қазіргі кездегі білім саласында қолданатын жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі компоненттерінің бірі – электрондық интерактивті тақталар. Интерактивті тақталарды білім саласында қолдану оқыту үрдісіне жаңа сапа енгізеді, өйткені тек қана сабақты дайындауды және өткізуді жеңілдетіп қоймай, интерактивті тақталарға дейін болмаған мүмкіндіктерге жол ашады.

Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Оқушыға қазақ тілі сабағын жүргізу барысында интерактивті тақтаны қолданудың тиімділігі неде?

Интерактивті тақтаны пайдалану дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны оқушыға беру үдерісі.

Интерактивті тақтаны қолдану сабақтың жоспарын, қарқыны мен барысын жақсартуға көмектеседі. Интерактивті тақтада жұмыс жасау материалды қарапайым, бірақ шығармашылық түспен қолдануды қарастырады. Интерактивті тақта көмегімен оқыту, тек компьютермен және проектормен оқытуға қарағанда айтарлықтай әсерлілеу, өйткені оның бірнеше артық тұстары бар:

- веб-сайттар және басқа да ресурстар қолдану есебінен материалды түсінікті, әсерлі етіп жеткізуді қамтамасыз етеді, сурет салу мүмкіндіктері бар және кез келген қосымшалардың, әрі веб-ресурстардың

үстінен жазуға, көп уақыт шығындамай-ақ бейне көріністерді, сабақ барысында жасалған кез келген жазуларды сақтауға, оны басып шығаруға болады;

- түрлі тартымды ресурстарды қолданудың арқасында оқушылардың қызығушылығын арттырады;

- ұжымдық жұмысқа араласу үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады;

- жеке және әлеуметтік дағдыларды жетілдіреді;

- өтілген материалды қайталау үшін мектеп желісінде пайдаланылған файлдарды сақтауға мүмкіндік береді;

- сақталған файлдар негізінде меңгерілген материалдарды тексеруді жеңілдетеді;

- педагогтарды кәсіби тұрғыдан өсуге ынталандырады.

Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың тиімді жолдары:

1. Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық органы құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану;

2. Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру;

3. Сабақта ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану;

4. Ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу;

5. Технологиялық құрал арқылы алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;

6. Жалпы компьютерлік сауаттылық;

7. Оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы;

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу – заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипатын, сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Ұлы Абайдың: «Адам баласы ... көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» деген даналығы педагог-классиктердің пікірлерімен ұштасады.

Сонымен, интерактивті тақтаны пайдалану сабақтың негізгі тапсырмаларын білуге жеңілдетеді, заттар жөніндегі мәліметтерді, деректерді есте берік сақтауға ықпал жасайды. Оқушылар өтетін тақырыппен жұмыс жасауға әуес, ынталы келеді. Өйткені берілген тақырып бойынша жаңа сабақты түсіндіру, өткен материалды қайталау не бекіту кезінде пайдалану әрбір сабақтың әсерлігін және мазмұнын арттырады.

Тәжірибе тұрғысынан қазақ тілі пәнін алатын болсақ, мысалы орыс тілді аудиторияда үй жануарларының қазақша атауларымен танысу керек болса, оқулықтан олардың тек атауларын ғана оқи алса, ал интерактивті тақтадан олардың түрлі-түсті көркем суреттерін, бейнесін, дауыстарын естуге мүмкіндік бар, сондықтан оларға сөздерді тез жаттап алуға себеп мол болады.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің мұғалім үшін артықшылығы:

1. Мұғалімге жаңа материалды сынып ортасында тұрып түсіндіруге мүмкіндік береді;

2. Кез келген қосымшалардың үстіне сурет салуға және жазба жазуға мүмкіндік береді;

3. Артық уақыт, күш-жігер жұмсамай, тақтадағы кескінді, сабақ уақытында жасалған жазбаларды сақтауға және баспаға беруге және материалды қабылдау деңгейін тексеруді жеңілдетеді.

4. Мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерін іздеуге, кәсіби шеберлікке ынталандырады.

Оқушылар үшін интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылығы:

1. Сабақты қызықты етеді және оқушы мотивациясын дамытады;

2. Ұжымдық жұмысқа қатысуға, жеке және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көп мүмкіндік береді.

3. Оқыту материалының түсінікті, тиімді және өзгермелі берілуінің арқасында оқушылар қиын сұрақтарды жеңіл және тез қабылдайды.

4. Оқушылар шығармашыл түрде жұмыс істей бастайды және өздеріне деген сенімі арта түседі.

Оқушы білімінің сапалы болуы, бір жағынан, мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне байланысты болса, екінші жағынан, мектептің техникалық-

материалдық базасының жабдықталуы да әсер етеді. Оқушының мектепте алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз, оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білуі керек.

Интерактивті тақтаны қолдану саласы өте кең: электрондық оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін, өздігімен ізденіс барысында, жалпы білімге деген талпынысы бар оқушыларға өте тиімді. Қазіргі заман талабына сай мүмкіндігін көп дербес компьютерлерді өңдей отырып, тарау бойынша оқушылардың дағдыларды қалыптастыру, білім бақылау жұмыстарын бағалауға мүмкіндік береді. Осы арқылы компьютерлік технологияның дамуының тереңдетілуі білім сапасын жоғарылата отырып, мұғалімнің жұмысын жеңілдеті түседі. Интерактивті тақта, өзінің аты айтып тұрғандай, мұғалім мен оқушылар арасындағы белсенді қарым-қатынасты қалыптастырады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізеді. Алдын ала дайындалған презентациялар, графикалық сызбалар, мәтіндік ақпараттар, бейне және аудио материалдар, алдын ала үйлестірілген жаңа сабақты меңгертуге арналған ойындар, гиперсілтемелер арқылы сабақтың оқушы үшін қызықты да тартымды өтуіне көмегін тигізеді.

Қорыта келгенде интерактивті тақтаны қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала

алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде интерактивті тақтаны сабаққа пайдалануды оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар электрондық материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, табиғат құбылыстарының дыбысы мен музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың ой-өрісін өсіріп, оларға тілдің – ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіру үшін педагогикалық технологиямен қатар ақпараттық технология ресурстарын, мультимедиялық құралдарды, ғаламтор материалдарын, бейнероликтерді, электронды оқулықтарды кеңінен қолдану тиімді. Ақпараттық-әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса зор.

Баққұл КӨРПЕБАЕВА,
«Д.М.Карбышев атындағы
Первомай «Жалпы білім беретін
орта мектеп-балабақша» кешені» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Шемонаиха ауданы.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІ ЖАҒЫ

«Біз бүгін еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, дәуірлеген заманымызда ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алатын сала – білім саласы екені бәрімізге аян. Бұл орында мұғалім қауымына артылатын жүктің салмағы ауыр екені белгілі. Ұстаздың жүгін адал орындау – біздің парызымыз. Ең алдымен, мұғалімге керегі – өз пәнін жете меңгеру. Ол үшін үздіксіз ізденіп, өз біліктілігін арттырып, оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай озық тәжірибелерді іскерлікпен пайдалану керек.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» деген пікірімен бала өміріндегі ойыншығының маңыздылығына көз жеткізуге болады. Ойын түрлері көп. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында ойын түрлерін қолдану – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, сабаққа белсенділігін арттырады.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі түрі, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында өткен дәрісті еске түсіреді.

Сабақтың ортасында көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, дәріске ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында тақырыпты бекіту, дәрісте алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы: дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Ойынның түрлері көп. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыбына,

мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс.

Сабақта ойын түрлерін өткізу оқушылардың ой өрісін, тапқырлығын, жылдамдығын, сөздік қорын молайтуға әкеледі.

Ойын – бұл қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, жағдаяттық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді.

Ойын түрлерін сабақтың тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Ойын түрлері сабақты қызықты өткізуге, оқушылардың сабаққа ынтамен қатысуына, өз бетімен жұмыс істеуіне, өздігінен қорытынды жасауына жол ашады.

Ойын әрекеті оқу барысында төмендегідей қызметті атқарады:



Қазақ тілі сабағында ойын түрлерін енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Қазақ тілі сабақтарында қолданылған дидактикалық ойындарды сабақтың мақсатына қарай мынадай түрлерге бөліп қарастырады:

1. Тапқырлық ойындар;
2. Ізденімдік ойындар;
3. Рөлдік ойындар;
4. Іскерлік ойындар.

1. Тапқырлық ойындар – оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырады. Мысалы: асық ойыны, «Қоржында не бар?» ойыны, «Дыбыстық ойыны», «Әліпбиді білесің бе?» ойыны.

«Қоржында не бар?» ойыны (қоржында жатқан әріптерден сөз құрастыру керек).

«Дыбыстық ойыны» (1 минут ішінде 1-қатар «А» дыбысына, 2-қатар «Ұ» дыбысына, 3-қатар «Ә» дыбысына сөз құрастыру керек)

«Әліпбиді білесің бе?» ойынының шарты: қазақ әліпбиіндегі әріптердің реттік санын білу, сол бойынша жасырынған сөздерді, мақал-мәтелдерді шешу:

1		24					
1	25	1	24	37			
18			1	18			
1	25	1	17	8	14	8	18

2. Ізденімдік ойындар оқушыларды өздігінен ойлауға үйретеді. Мысалы: «Баламасын тап» ойыны, «Қандай сөздер жасырынған?» ойыны, «Буынды тез тап» ойыны, «Бинго» ойыны.

«Баламасын тап» ойыны (1-қатардағы сөздерге 2-қатардан баламасын табу керек):

Жалқы –	Жалпы –
Деректі –	Туынды –
Дара –	Жанды –
Дерексіз –	Күрделі –
Негізгі –	Жансыз

Простые	Сложные
Непроизводные	Производные
Собственные	Нарицательные
Одушевленные	Неодушевленные
Конкретные	Абстрактные

«Қандай сөздер жасырынған?» ойыны:

РАЖАҚЫРЫЙД –	ЖАРҚЫРАЙДЫ
ПРЕИД –	ЕРИДІ
ПҰШЫ КЕДІЛЕ –	ҰШЫП КЕЛЕДІ
ҮЛГДІДЕЙ –	ГҮЛДЕЙДІ
БЫРЖАҢ УАДЫЖА –	ЖАҢБЫР ЖАУАДЫ
ДЫҚАЗА –	ҚАЗАДЫ
ҚҰДЫЯ –	ҚҰЯДЫ
ЗҰДАРАЫ –	ҰЗАРАДЫ
ДЫНАОЯ –	ОЯНАДЫ
ДІКЕЛ –	КЕЛДІ

«Буынды тез тап» ойыны («қар» буынынан басталатын сөздерді жазу керек. Мысалы: қарлығаш, қарға, т.б.)

3. Рөлдік ойындар – оқушылардың шағармашылық ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

4. Іскерлік ойындар – оқушылардың түрлі жағдайда дұрыс сөйлеуін қалыптастыратын, диалогтік және монологтік үлгілерін жетілдіретін ойын түрі.

«Дос» тақырыбына сөз тіркестерін құра» ойыны: (1-сөз сын есімнен 2-сөз зат есімнен болу керек. Мысалы: Жақсы дос.)

Сын есім + зат есім

Сан есім + зат есім

Зат есім + зат есім

Есімдік + зат есім

Зат есім + етістік

Сабақта дидактикалық ойын түрлерін пайдалануда бала білімінің деңгейін, біліктілік сапасын көтеретіндей, ұлттық санаға, салт-дәстүрге, тәрбиеге сай болуын ескеруіміз керек. Мысалы: жамбы ату, асық ойыны.

Жазушылардың суреттерін көрсетіп, сол сурет туралы әңгіме құратуға, олардың шығармаларының атын атап, сипаттама бергізуге болады.

«Тез ойлан» ойыны – үш буыны да ашық дауысты, үш дауыссыз дыбыс қайталансын. Ол қай сөз? – кереге, терезе.

Үш дыбысты сөз ойла. Оның дауыстысы жуан, ашық, еріндік болсын. Мысалы: қол, жол, мол.

Сынып оқушылары ішінен аты үндіден басталып, ашық, жуан, езулік дауысты дыбысқа аяқталсын. Роза, Лара, Майра.

Түрлі ойындарды өткізу сөзсіз сабақты жандандырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Ойын – әрекет және белсенділік. Балалар шаршаған мезетте сергіту, бой жазу жаттығулары өте пайдалы. Сергіту ойындары балалардың сабақты зейін қойып тыңдауына, ақыл-ойын бір нәрсеге тұрақтандырып,

саналы түрде білуге септігін тигізді.

Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланумен қатар, ұйымдастыру кезеңінде пайдалану тиімді.

Білім беру жүйесінде үш тілді білу, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылған. Оқушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Бірыңғай жазу жұмыстары, жалаң сөз, жаттау оқушыларды жалықтырады. Ал ойын технологиясын қазақ тілі сабақтарында тиімді қолдану жақсы нәтиже берері анық.



Бақыткүл МУТАИРОВА,
Астана қаласындағы
№22 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Қазақ тілі әдістемесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі елеулі өзгерістерді сезініп, оның әрбір өтпелі кезеңіне өзінің даму дәрежесін қалай да сәйкестендіріп отырғаны – дәлелді қажет етпейтін мәселе. Олай болса, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай, қазақ

тілін оқытудың сапасын арттыру мәселесі де әр кезде өз дәрежесіне сай сұраныста болады.

Бүгінгі қоғам өзгеруіне байланысты Білім мазмұнына да өзгеріс енгізу керектігі бәрімізге мәлім. Әр қоғамның өзінің сұранысы болады. Осыған орай, ең бастысы, осы қоғамға лайықты оқушы, келешектегі еліміздің азаматын дайындауымыз керек. Мұндай оқушы:

- мемлекеттік, ағылшын тілдерін жетік меңгерген;
- көп мәдениетті ортада өмір сүре алатын – толерантты;
- ізденімпаз, шығармашыл, өз пікірін қорғай білетін;
- бәсекеге қабілетті, қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдай алатын тұлға.

Оқушыларды қандай білім осындай нәтижеге жеткізеді?

Жалпы орта мектеп негізгі білім, дағды, біліктерді қалыптастырады. Олар: оқи, жаза, есеп шығара білуі, одан басқа көптеген білім-біліктері. Оқушы оқу үдерісі кезінде, оны оқытқан кезде алатын білімін – академиялық білім (сауаттылық) дегенді білдіреді.

Ал бүгінгі талап, әр сабақта оқушымыз оқыту объектісінен белсенді білім алушы – субъектіге айналуы қажет. Әлеуметтік ортасы кеңіген сайын оқушыларымыз өзара әр түрлі қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр болады, ал пәннің мазмұны жеткіліксіз. Оқушыларымыз өзінің әлеуметтік рөлін сезіну керек. Сондықтан, кез келген ортаға сіңісуге үйрету – мемлекеттік тіл мамандарының

басты мақсаты. Қазақ тілі сабақтарында тілді меңгертумен қатар, шәкіртті өзін-өзі басқару, басқаларға түсіністікпен қарау, кез келген ақпаратпен жұмыс жасай білу, оны сараптай, пайдалана білу, жеке тіл табысу, жақсы қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруымыз керек. Осындай дағды мен білікті оқушыларымыз өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған белсенді оқытуда, мұғаліммен бірлесіп жұмыс жасағанда ғана қалыптастырады, танымдық нәтижелерге жетеді. «Бірлескен әрекет» білім алушыларды енжар тыңдаушы емес, белсенді, өз бетімен ізденуші, білім алушы, жаңа өнім-білім жасаушы ретінде қалыптастырады. Тіл, табиғат, қоғам заңдарын өздігімен ұғынуына мүмкіндік тудырады.

Қазақ тілін өзге тілді мектептерде сапалы оқыту бағытын айқындайтын жаңа жол – қазақ тілін интерактивті оқыту әдістемесі деп ойлаймыз.

Оқыту үдерісінде интерактивті әдістерін қолданудың негізгі көздейтін мақсаты – оқытудың жүйелі түрде сұхбатқа, әңгімелесуге құрылуы, оқушының білімді меңгеруде белсенді түрде жұмыс жасауы, басқалармен пікірталасы, қарым-қатынаста болуы, алға қойған мақсатты жеке оқушы емес, ұжым болып шешуі. Мұндай сабақты ұйымдастыру мұғалім мен оқушыдан үлкен белсенділік пен шығармашылықты, жауапкершілікті қажет етеді. Интерактивті әдістерін қолданудың негізі көздейтін мақсаты – оқытудың жүйелі түрде сұхбатқа, әңгімелесуге құрылуы, оқушының білімді меңгеруде белсенді түрде жұмыс жасауы, басқалармен пікірталасы, қарым-қатынаста

болуы, алға қойған мақсатты жеке оқушы емес, ұжым болып шешуі. Мұндай сабақты ұйымдастыру мұғалім мен оқушыдан үлкен белсенділік пен шығармашылықты, жауапкершілікті қажет етеді.

Сонымен, «интерактивті оқыту» ұғымы төңірегіндегі ұғымдарды жинақтай келе мынадай анықтама беруге болады: «Интерактивті оқыту» – бір нәрсе жөнінде немесе біреумен әңгіме барысында табысу» деген ұғымды білдіреді.

Осыған сәйкес «интерактивті оқыту» технологиясы барысында диалогтік оқыту, басқаша айтқанда, оқушы мен мұғалім арасында қарым-қатынас жүзеге асады. Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бұл тұрғыдан келу, оқытуға жайлы жағдай жасаудың басты бағыты болып есептеледі. Мұнда мұғалім оқушыға өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар береді. Мұғалімнің міндеті – оқушының белсенділігін арттырып, алған білімін іс-тәжірибесінде қолдануға жағдай жасайды. Оқыту үдерісінде бұл әдістерді қолдану үшін ұстаз оқушыларды ұжымдық, жұптық топтарға бөліп, өзара белсенді жұмыс жасауына жағдай жасайды. Бұл технология бойынша оқушыны ойлау мен сөйлеу дағдыларына төселдіру, ойын түрінде ұйымдастыру – интерактивті оқыту әдісінің бір түрі.

Интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың кезеңдері:

Диагностикалық кезең: оқушының субъект тәжірибесін өзектілендіру кезеңі – оқу мотивациясын /уәждемесін/ қамтамасыз ету/, білімін өзектендіру: сабақ түсіндірмес бұрын оқушы өзіне бұрыннан таныс білімдерін, тақырып туралы не

білетінін, өзіне таныс мәліметтерді “миға шабуыл”, «ассоциативтік қатар», «дөңгелек үстел», т.б. әдістер арқылы ортаға салады.

/Бұл бөлімде оқушылардың жаңа тақырыпты қабылдауына, өткен түсініктерді тереңдетуге қажетті тірек-білім, үй тапсырмасының материалын өзара тексеру мен өзін-өзі бақылау тәсілдері жоспарланады./

Ізденіс тенденция кезеңі: оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істей отырып, “миға шабуыл”, «ассоциативтік қатар» арқылы тізген сөздерді кеңейтіп түсіндіру үшін өз беттерінше оқулықпен жұмыс жасайды. /Жаңа түсініктер мен әрекеттердің қалыптасуы: оқып-үйренетін жаңа түсініктер, оны меңгеру әдістері мен білім деңгейінің артуы көрсетіледі. Оқушылардың міндетті білім, біліктілігі, жаңа сабақты оқытудың тәсілдері, тірек-сызба және тірек-конспект материалдары арқылы нақты анықталады./

Тұсаукесер кезеңі: 0-15 минуттан кейін әр топ өз мәліметтерін қорғайды. Осыдан кейін мұғалім әлі де жеткіліксіз ақпарат береді. Жаңа тақырып толық түсіндірілгеннен кейін пікір сайыс, рөлдік ойындар, дебат, деңгейлік тапсырмалар, баспасөз конференциясы, тірек-сызба, модель құрастыру, топтастыру, салыстыру, т.б. интерактивті әдістер арқылы сабақты бекітіп, пысықтауға болады.

/Қолдану: біліктілік дағдысын қалыптастыру: өзара бақылау тәсілі көрсетіліп, оқытудың белсенді түрі, деңгейлік тапсырмаларды орындау жоспарланады. Оқытуды ұйымдастырудың мынадай түрлері

қолданылады: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. Қандай материалдар қолданылады (тест, т.б.), кері байланыс туғызу жоспарланады.

Интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы оқыту мақсатының мәні:

- оқушы интеллектуалды жағдайын, жетістігін сезіне алады;

- таным үдерісіндегі біріккен іс-әрекет барысында оқу материалын меңгеріп, өз пікірлерін ортаға салады, шешімін шығара алады, тұжырым жасайды;

- бір-бірінің пікірлерін салыстыра отырып, бір пікірдің басқалардан артықшылықтарын байқайды;

- оқу әрекеті барысында жеке белсенді позицияны қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді.

Сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдер қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңда мұғалімдер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың пайдалы әрі сапалы өтуіне ықпал етеді. Ал білім беру технологиясын пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Мұғалім біліктілігін көтеріп, шығармашылық педагогикалық әрекетін жүйелі түрде ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияны меңгерудің маңызы зор. Демек, оқыту үдерісінде интерактивті технологияны пайдалану тиімді.

Аталған интерактивті әдістердің бірі – ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибеме тоқталмақпын. Оқытуда оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында компьютерлік бағдарламаларды жиі қолданамын.

Қазақ тілі сабақтарында интерактив әдісін қолданып, әр оқушыға хабарлама, Power Point бағдарламасы бойынша жоба, презентациялар жасатамын, тақырып өткен кезде информатика сабағында алған дағдыларын оқушылар кеңінен пайдаланады. Пәнаралық байланыс, интеграциялық оқыту әдістемесін қолданып, екі пәнді саналы меңгертуді көздеймін. Осы тұрғыдан: оқушы оқуға құлшынады, тапқан ақпараттармен танысып, өзінің білім негізінде жаңа дүние, яғни, өз өнімін жасап шығады. Ойын саралап, бұрын білгенінен жаңа білім алуға, соған қол жеткізуге мүмкіндік алады, қолынан келгенше тырысады. Қызықты хабарлама, жоба, презентация жасау үшін мәліметтердің қажеттілігін түсінеді, түрлі ақпаратпен танысады, жинайды, іріктейді, сараптайды, шығармашылықпен жұмыс жасап, ғылыми дүниетанымы артады, келешекте ұмытылмас үшін, жинақы да тиімді етіп ең негізін бөліп алады, білгенін, меңгергенін қорғап шығады. Оқушы осындай сабақта жалықпайды, пәнге деген қызығушылығы артады, зерттеу дағдылары қалыптасады. Әр оқушы жасаған жоба, сызба, кесте, презентациясының тиімділігін, мазмұн тұрғысынан тереңділігін дәлелдейді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сапалы оқытудың жақсы әдістерінің бірі – тірек-сызбалар

арқылы оқытуды өз тәжірибемде өте жиі қолданамын. Тірек-сызба арқылы оқыту технологиясы білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдетуді мақсат етеді.

Сабақ барысында шәкірттеріміз үйренгенін саралап, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізіп, қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Осындай жұмыс барысында оқушылар меңгерген оқу материалын тірек-сызба арқылы ықшамдап, өз беттерінше өзгертіп, жаңадан жаңа білім жасап шығады, олардың белсенділігі артып, ойлау қабілеттері дамиды. Тірек-сызбалар оқу материалын тез меңгеруге, есте сақтауға, жүйелеуге, логикалық байланысты сақтауға, өмірмен, қоршаған ортамен байланыстыруға, мәселені жан-жақты қарастыруға, коммуникативтік машықтарын қалыптастыруға көмектеседі.

Интерактивті оқыту әдістері оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді. Мұндай сабақтарда барлық интеллектуалды операциялар: іріктеу, жүйелеу, талдау, салыстыру, тұжырымдау, және т.б. жүзеге асырылады. Интерактивті оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығына негізделеді. Ал осы қызығушылықты оятатын тағы бір жол – сабақта проблемалық жағдаят туғызу. Мұндай сабақтарда оқушылар мұғаліммен қатар оқу материалын тек есте сақтап қана қоймай, тұлға, құбылыс, оқиғаларға жан-жақты талдау жасауға, терең ойлауға, жүйелеуге, салыстыруға дағдыланады.

Бірте-бірте сабақта өз бетімен оқуға, өзі үшін оқуға үйренеді.

Интерактивті оқыту әдістері негізінде шәкірттеріміздің:

- *өздігімен жұмыс жасау, анықтамалық қосымша әдебиеттермен, түрлі ақпарат құралдарымен жұмыс жасау;*

- *бірлесіп, ұжымдасып жұмыс жасай білу;*
- *түйіндеу, тұжырымдау, іріктеу, сараптау;*
- *негізін, маңыздысын, керектігін табу;*
- *дұрыс шешім қабылдау;*
- *терең, сыни ойлау дағдылары және т.б. дағды мен біліктері дамиды.*

Белсенді оқыту кезінде оқушылар өз бетінше оқуға үйренеді. Осындай оқыту оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырады, ал бізге керегі де – дәл осы.

Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану негізінде алатын НӘТИЖЕМІЗ:

- *оқушының біртіндеп өзіндік білім алуға жағымды уәждемесі пайда болады;*
- *сөйлеу дағдылары дамиды;*
- *барлық пәндерден алған білімі жүйелі болады;*
- *талдау, салыстыру, бағалау, білгенінен жаңа білім жасау дағдылары қалыптасады;*
- *өзі үшін оқу керектігін түсінеді, өмірлік оқу жүйесі қалыптасады.*

Назира КЕКІЛБЕКОВА,
Оңтүстік Қазақстан облысының
Шымкент қаласындағы
Хамза атындағы
№42 мектептің мұғалімі.

ҮШТІЛДІЛІК – ИГІЛІКТІ ҚҰБЫЛЫС

Көп диаспоралы Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің сан алуандығы, бұл – біздің ұлттық байлығымыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, мемлекет Қазақстандағы халықтардың барлығының мүдделерін ескере отырып, посткеңестік кеңістікте ең либералдық тілдік саясат жүргізді. Соның дәлелі болар, кез келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын, сөйлейтінін, шығарма жазатынын ерікті түрде таңдай алады. Біздің қоғамда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр. Біздің жетістігіміз – басқа этностардың құқықтарына ешқандай да қысым жоқ. Сонымен қоса, біз тағы бір аса маңызды мәселе – мемлекеттік тілді барша қазақстандықтардың меңгеруіне толық жағдай туғызып отырмыз. Өйткені, бұл – халықаралық тәжірибеде бар үрдіс. Қарап отырсақ, қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқып-үйренуге барлық жағынан жағдай жасалған. Тіпті, мемлекеттік

мекемелер мен кәсіпорындардың бәрінде курстар ашылып, ғылыми-әдістемелік материалдар таратылады. Мемлекеттік тілді жетік меңгерген басқа ұлт өкілдерін материалдық жағынан ынталандыру да дұрыс жолға қойылған. Содан да шығар, көптеген қазақстандықтар қазақ тілін білуді – патриоттық борышым деп санайды. Оған қоса, мемлекеттік тілді үздік меңгеру жеке бәсекеге қабілеттіліктің, кез келген қызмет саласындағы мансаптық өсудің факторына айналды. Десек те, мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі іс-шаралар бұдан да тереңірек және нәтижелі болуы шарт. Яғни, бізге елімізде тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің ауқымды қолданылуын қамтамасыз ететін тілдік саясат жүргізу қажет. Ол үшін барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру бағытында жұмыс ұйымдастырылады. Бұл жүйе, ең алдымен, мемлекеттік тілді меңгеру мен оқытудың бірыңғай стандарттарын әзірлеуді және бекітуді, содан соң оларды білім беру жүйесінің барлық деңгейіне – мектепке дейінгі мекемелерге, мектептерге, жоғары және одан кейінгі оқу жүйесіне енгізуді көздейді. Екінші жағынан, отандастарымыздың орыс тілін меңгеру деңгейін сақтап қалуына да көңіл аударуымыз керек. Өйткені, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас пен интеграциялық қызметтердің діңгегі. Ақиқатын айтсақ, ақпараттық кеңістігімізде орыс тілі әлі де маңызды рөл атқаратынына ешкім дау айта алмас. Сондай-ақ, әлемдік алты ресми тілдің қатарына кіретін орыс тілін меңгеруге бәсекеге қабілетті ұлттың кез келген өкілі ұмтылуы тиіс. Бұл мақсатқа жетеміз

десек, қашықтықтан оқыту, электронды интерактивті оқулықтар бағдарламасын құру, ұлттық мектептерде орыс тілін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, оралмандарға, шетелдіктерге және халықтың басқа топтарына орыс тілін оқыту курстары мен орталықтарын ашу, халықтың орыс тілін меңгеруіне тұрақты мониторинг жүргізу сияқты іс-шараларды қолға алуымыз қажет.

Ал “Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті, оқуыңды тәмамдаған соң, біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етуің үшін де бұл – тамаша мүмкіндік. Ең бастысы, ағылшын тілін білу - бұл іскерлік қарым-қатынас және әлемнің кез келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен үдерісіне қойылатын талаптарды күшейту керек. Сонымен қоса, жаратылыстану мен математиканы ағылшын тілінде оқытатын оқытушыларды дайындау, шетелдермен тәжірибе алмасу, шет тілдерде сөйлейтін мамандарды тарту саласындағы ынтымақтастықты жандандыру, арнайы орта және жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын шетелдерде тіл үйрену мен тәжірибе жинауға жіберу сияқты бірқатар іс-шараларды

жүзеге асырған жөн. Жоғарыдағы мақсаттар Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тайға таңба басқандай етіп жазылыпты.

Жалпы алғанда, тілдерді меңгерудің тиімділігін сөз еткенде біз бұл жұмыстың жүйелі түрде жетілдірілуіне батыл қадам жасағанмыз жөн. Әсіресе, инновациялық әдістерді іздеуіміз қажет. Мысалға, әрбір облыста үш тілде бірдей оқытатын мамандандырылған орталықтар ашып, оларды алдыңғы қатарлы технологиялармен қамтамасыз еткен жөн. Түптеп келгенде, Қазақстандағы үш тұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұтас тұжырымдама. Іс жүзінде тілдердің үштұғырлылығы идеясы бәсекеге қабілетті Қазақстанның ұлттық идеологиясының бір бөлшегі болып табылады. Яғни, мемлекет әрбір қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін әрдайым есте ұстауды қалап отыр.

Белгілі тілші ғалым, филология ғылымдарының докторы Б.Хасанұлы: “ Біз белгілі бір мәселеге «пәлен айтты, түген айтты» деп қарамауымыз қажет. Бізге осы мәселе керек пе, жоқ па? Соны білуіміз керек. Оған дүниежүзілік тұрғыдан қараған дұрыс. Мен үштілділік мәселесіне арнап алғаш баяндама жасаған адаммын. Осы жөніндегі Елбасының сөзінен кейін Оралда өткен ғылыми конференцияда жасаған баяндамам басқосу аяқталғанша кітап болып басылып шықты. Бұл орайда басын ашып алатын бір нәрсе бар: біздің кейбір ғалымдарымыз Елбасының «триединство языков» дегенін дұрыс аудармады. Бар гәп – осында.

«Тілдердің үштұғырлылығы» деген – мүлдем дұрыс аударма емес. Елбасымыз үш тілдің қатар қолданылуын қалыптастыруды меңзеген болатын. Бұл үшін тұғыр біреу болуы керек. Сондықтан жұрт не десе, о десін, мен бұл жобаны үштілділік деймін» дейді. Сонымен, үштілділік керек пе, жоқ па?

Сәл ертерек, бірақ керек. Қай тұрғыдан қажет? Адам үш тілді бірдей тең дәрежеде білуі мүмкін емес, оларды қажеттілікке сай алма-кезек қолдана алатын деңгейде болса, сол жарайды. Ал үшеуін де бірдей дәрежеде меңгеру керек деген пікір – орынсыз, әдетте, адам бір тілді басым меңгереді. Қостілділік деген де сол сияқты. Біздің Алаш зиялыларының кез келгені қос тілді қатар меңгерген. Бірақ бәрі де қазақ тілін артық білді. Сондықтан үш тілді біріктіретін бір тұғыр бар, ол – еліміздің тіл саясаты. Ал бізде қажеттілік бар ма, жоқ па, оған қарамастан, «ана жерде орыс отыр, мына жерде еврей отыр екен» деп орысша сөйлеп, жалтақтайтынымыз бар. Бұл – біздің жалпақшешейлігіміз, ұлттық кемшілігіміз.

Ағылшын тілін қазаққа орысша түсіндіру арқылы үйрету дұрыс емес. Бұл жерде ағылшын тілінің қазақ тілін жетік білетін маманын даярлауды күшейту керек. Қазақ тілін оқытқан кезде, оның қоғамдағы жеке қолданылуын есте ұстаған жөн. Екіншісі - оны үштілділіктің бір сыңары ретінде қолдану. Осы жерде бізге біртілділік, қостілділік пен үштілділіктің қайсысы тиімді дейтін болсақ, әрине, біртілділікке жететін ештеңе жоқ. Бірақ бір тілдің аты – бір тіл. Әлемде біртілділігі мықты қалыптасқан 10-15 ел бар. Мысалы, Жапонияда – жапон, Кореяда – корей, Германияда

– неміс тілі. Қалған халықтардың барлығында қос немесе үштілділік қалыптасқан. Айта кететін бір жайт, Сингапурда қытайлардың саны көп болғанымен, олардың дені ағылшынша сөйлейді. Өйткені халқы сол арқылы байып отыр. Бірақ сол Сингапурда төрт телеарнаның бірі күндіз-түні қытай тілінде сөйлейді. Бізде ондай бар ма, жоқ. Қазір дүниежүзінде қанша тіл бар дегенді де көпшілік нақты біле бермейді. Француз ғалымдарының «әлемде алты миллиард халық, 6551 тіл бар» деген мәліметі жиі айтылады. Оның өзі дұрыс емес. Негізі, 8,5 мыңдай тіл бар. Егер диалектілерді қосатын болсақ, әлем халықтары тілдерінің ұзын-саны 20 мыңнан асып кетеді. Осының жуан ортасында қазақ тілі болуы керек! Ол үшін қазақ тілінің сөйлеушісі көп болуы қажет. Қазірдің өзінде бұл тіл – әлемдегі сөйлеушісі ең көп 70 тілдің бірі. Бұл тегін емес. Қазақ тілінің даму мүмкіндігі мол. Бізде туу, табиғи өсім көп. Қазақ тілі соның негізінде күшейе бермек. Ана тіліміздің әлем тілдерімен деңгейлес дамуына тағы қандай жағдайлар жасалған дейтін болсақ, біріншіден, табиғи байлығымыз жеткілікті. Екіншіден, географиялық орналасуымыз жақсы. Үшіншіден, мемлекетіміз - емін-еркін дамып келе жатқан егемен ел. Әлемнің елу бәсекелес елдерінің қатарына қосылудан үмітті. Мен осы бәсекені қолдаймын. Біздің табиғатымыздың өзі бәсекеге бейім. Міне, осы тұрғыдан алғанда, үштілділіктің қажеттілігі де сонда. Бәсекеге қабілеттілікке сол орыс, ағылшын тілдерін пайдалана отырып, еркін жетуге болады. Бірақ бұл – оған жетудің негізгі жолы емес, екінші жолы. Негізгі жолы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде Қазақстанның атынан

кез келген жерде қолдану. Біздің басшылар қай елге барсын, негізгі тілдің иесі ретінде қазақша сөйлеуі қажет. Кейбір елдерде халқы өз тілінде сөйлемеген басшыларын қатаң сынайды. Негізі, тілдің бәсекеге қабілеттілігі сол тілде сөйлеуші халықтың діліне байланысты. Бір мысал келтірейін, Кемал Ататүрікке дейін түрік тілінің халі мүшкіл болды. Тіпті, бұл халық өздерінің түрік екендігі үшін ұялатын дәрежеде еді. Кейін Кемал Ататүріктің беделі мен істеген ісі арқасында ол халық өздерінің рухын, ұлттық құндылықтарын асқақтата бастады. Сол сияқты Испания жұрты «бөтен адам болма, өз тілінде сөйле» деп, испан тілін ұлықтап жүреді. Бізде осы жағы жетіспейді. Бірақ тегіміз - мықты, енді әлемдік қауымдастықта тілімізді насихаттай білуіміз қажет. Б.Хасанұлының «Ана тілі – ата мұра» (А., «Жазушы», 1982. 272-бет) атты еңбегінде қазақ тілі өмірдің 108 түрлі саласында қолданылатыны анықталды. Бір кездері «орыс тілі қоғамдық өмірдің - 40, қазақ тілі 10 саласын қамтиды» деген пікір болды. Бұл – мүлде қате, жаңсақ пікір. Өмірде қанша сала болса, тілдің қолданылу мүмкіндігі де сонша болады. Қазақ тілінің өзінің жеке қолданылу мүмкіндігі үлкен – көркем әдебиет саласында, театр, білім, денешынықтыру, дін салаларында, тіпті, Президент аппаратынан бері қарай есептегенде, ондаған саланы қамтиды. Ғарышта Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев қазақша сөйледі, міне, қазақ тілі жер астындағы мұнайдан бастап, сонау ғарышта да қолданылады деген сөз. Қазір еліміздегі қазақтардың саны 70 пайызға келіп қалды. Яғни, үш адамның екеуі – қазақ деуге болады.

**Әлия ЖАРҚЫНБАЕВА,
Айгүл САДЫҚОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№9 жалпы орта білім беретін КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.**

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА – ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА

Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп тұр. Біздің де мұғалім ретінде алдымызға қойған мақсатымыз – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті, сабақта да, сыныптан тыс жұмыстарда да идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығушылығын, білімге құмарлығын арттыру, оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Сондай-ақ қазақ халқы өзінің мыңдаған жылғы өмір сүру тәжірибесіне сүйене отырып, мағынасы терең нақыл сөздер, мақал-

мәтелдер және тұрмыстық салт- дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қалдырған. Мақал-мәтел, нақыл сөздерді пайдалану арқылы әрбір оқушы ой-өрісін жетілдіре түседі. Мысалы, «Тегін білмеген тексіз», «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жігіт сұлтаны», «1001 мақал, 101 жұмбақ», «Қыз сыны», «Аталар сөзі – ақылдың көзі», т.б.

«Халық – тәлімі-тәрбие бастауы» демекші, сабақ үстінде, сыныптан тыс жұмыстарында маңызы зор, ата-бабаларымыздың ғасырдан ғасырға мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып сынды рухани құндылықтарын мол қолдануға тырысамыз, жас өспірімдер ұлттық құндылықтарды біліп өссін деген мақсатпен салт-дәстүрлерді түсіндіріп, ондағы адамгершілік құндылықтарды оқушылардың бойларына сіңіруге күш саламыз.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні.

Халық педагогикасының бір саласы – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар – әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерін айнытпай дәл көрсете білетін, өте құнды мәдени мұраларының бірі. Әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты шаруашылық-экономикалық ерекшеліктері – ұлттық ойынның негізгі мазмұнын құрайды.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының бір ерекшелігі сол, ол тек көңіл аулап, қызық қуып, уақыт өткізу үшін емес, белгілі бір білімділік, тәрбиелік мақсаттарды көздейді. Сондықтан қазақтың қай ұлттық ойынын алып қарасақ та, оның өне бойы тұнған өнер мен өнегені тілеп тұратын, дидактикалық мақсаттарға арналып жасалғандай. Себебі, шаруашылық – экономикалық жағдайына байланысты бүгінгідей

бүкіл елге жалпақ жайылған мектебі болмаған кезде, өз ұрпағына қоршаған ортаның сыр-сипатын, өмір-тіршілігінің жай-күйін білдіретін, өмірге келген жас сәбиді күнбе-күнгі өмірмен тікелей араластырып, байланыстыратын, жас ағзаның қимыл-қозғалысы ғана емес, оның тілі мен дінін, ақыл-ойы мен дүниетанымын, адамгершілік, инабаттылық түсінігін қалыптастыратын, өнер атты асыл қазынаға бастап апаратын бірден-бір тура жол – осы ұлттық ойындар десек, артық емес. Оның да өз мәнісі бар. Өйткені аға ұрпақ өкілдері өзі өмір сүрген дәуірдің тәжірибесін жинақтаудың нәтижесінде туып, қалыптасқан тәрбие құралдары арқылы келешек ұрпаққа өз өмір тәжірибесін жинақтап қалдыруға тырысады. Сондықтан болар, қазақ халқының ұлттық ойындары нақты тәжірибелік, білімділік, тәрбиелік негізде құрылып, халық өмірімен тығыз байланысып, ұштасып келеді. Қазақ халқының бірде-бір ұлттық ойыны ән-күйсіз, өнер жарысынсыз өтпейді. Сондықтан әрбір ойынның бойында өнерге, білімге, білуге деген құштарлық отын жағар дидактика, адамды өмірге шыңдап шығарар педагогикалық-психологиялық негіз бар.

Қазақ халқының ұлттық ойындары негізінен үш саладан тұрады. Атап айтқанда: ойын-сауық ойындары, оймен келетін ойындар, дене шынықтыру мен спорттық ойындар. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Ұлттық ойындарды әр сабақтың мақсатына қарай, сонымен бірге мазмұнына сай, сабақ кезеңдеріне орай пайдалануға болады.

Төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық, өзін өзі тежеу сияқты қасиеттердің қажеттігін алғаш сезіну осы ұлттық ойындардан басталады. Ойындарды

өткізу арқылы мұғалім балаларды қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрпын жоғалтпай, оны әрі қарай дамытуға, өз ұлтына деген сүйіспеншілікке баулып, оны құрметтеуге тәрбиелейді. Қазақ халқының ұлттық ойындарын сабақта үзбей өткізу балалардың қозғалыс белсенділігін арттырады, денсаулығын нығайтып, денесінің шынығу деңгейін көтереді, қасиеттерін қалыптастырады.

Баланың бойында: ұйымдастырушылық, ойлау, тапқырлық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттері қалыптасады. Ұлттық ойындар оқушылардың еркін сөйлеуін, тіл байлығын жетілдіре түсіп, халықтың еркін сөйлеу әдісі мен логикалық ой жүйелерін дамыту тәсілдерінің ерекшеліктерін, тапқырлық пен дәлділікті тез ойлап, дәл шешу мен сөзді дәл өз мағынасында пайдалана білу қасиеттерін жетілдіре беру болып табылады. Ұлттық ойындары мен элементтерін сабақ барысында «деректерден дерексізге, жеңілден ауырға, күрделіден қарапайымға, жақыннан алысқа» деген ұстанымдарды негізге ала отырып жүргізген сабақ оқушыларға әсерлі болып, олардың білуге деген құмарлығын оятып, оқушылардың жалпы үлгеруі мен білім сапасын арттырады сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қоңыратбаева. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары. А., 1995.
2. С.Ұзақбаева. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. А., 1993.
3. С.Қалиев. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. А., 1987.
4. Ы.Оршыбеков. Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті, А., 1981.

Бейнегүл ОРАЛБАЕВА,
Ғабит Мүсірепов атындағы
№43 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы.

АБАЙ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ

Мақсаты: Абайды ұлт көшбасшысы ретінде түсіну мағынасын оқушылар санасына сіңіру, оны шығармалары арқылы жан-жақты ұғындыру. **Міндеттері:** 1) Абайдың шығармашылығын оқушыларға таныстыра отырып, оларды өз ойын жеткізе білуге үйрету; 2) дұрыс сөйлем құрып, өлең жолдарын мәнерлеп оқи білуіне бағыттау; 3) Абайдың нақыл, дана сөздерін терең түсіндіру; 4) Абайдың өлеңдерін өз сазына келістіріп сәйкестіндіре айта білу; 5) оқушылардың түсініп, тоқыған ойларына қорытынды жасата білуге бағыттау.

Түрі: нәтиже сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойландыру, мағынаны ашу сатысы. **Көрнекіліктері:** презентация, интерактивті тақта, тірек-сызбалар, үлестірмелі суреттер, *рефлексия парағы, қима қағаздар*. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс әдебиеті, музыка.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Амансың ба, алтын күн?

- Амансың ба, қонақтар?

- Амансыңдар ма, шәкірттерім?

Сіздерді көрсем қуанам!

Психологиялық дайындық.

Мұғалім: Оқушылар:

- Әрбір адам? - Туысым, досым, жұрағат.

- Әрбір сабақ? - Үйрену, ұғу, ұлағат.

- Әрбір ісің? - Тірлік, тірек, адамдық.

- Әрбір сөзің? - Шындық, бірлік, адалдық.

II. Сабақтың тақырыбы: **Абай – қазақ әдебиетінің көшбасшысы.**

Эпиграф: «Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, бүгінгі сабағымызда біз де ұлы ақын Абай Құнанбайұлы туралы оқимыз, естиміз, көңілге тоқимыз.

- Бүгінгі сабағымызда Абай Құнанбайұлының шығармашылығын жан-жақты қарастырамыз. Сабағымыз төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің аты бар, сендер тапсырмаларды мұқият тыңдап, бөлімдердің атауын табасындар. Және де сабақтың соңында қорыту жұмысы болады. Бүгінгі жұмысымызға сәттілік тілеймін.

III. Үй жұмысын тексеру.

- Біз Абай туралы не білеміз?

АБАЙ

- Ал Абай Құнанбайұлының өлеңдерін білесіңдер ме?

- Абай туралы белгілі адамдар не айтқан?

IV. Жаңа сабақ.

Мұғалім:

- Абай ата – қазағымның тірегі,
Халқымыздың соғып тұрған жүрегі.
Өтіп кетті өмірден, қалды үні,
Ол өлгенмен, мәңгі өлмес өлеңі!

I кезең. Абайдың табиғат лирикасымен таныстыру:

Мұғалім: - Ал, енді, кітаптың бірінші бетін ашайық.

Табиғат лирикасы деген ұғымды қалай түсінесіз?

Оқушы: - Табиғат лирикасы, бұл – ақынның ішкі жан дүниесінің сезімі, табиғат көріністері, адам және табиғаттың байланысы.

- Абай табиғатқа арнап не жазған? (өлеңдер).

- Абайдың табиғат лирикасы – ақындық шеберлікпен жазылған жырлар.

- Жылдың қай мезгілдеріне жазылған өлеңдерін білесіңдер? («Жазғытұры», «Қыс», «Күз», «Жаз»)

- Абайдың «Жазғытұры» өлеңін айтшы.

Никита: - Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер Күннің көзі.

- Ал осы жыл мезгілдері туралы орыс ақын-жазушылары қандай өлеңдер жазған? (А.С.Пушкин. «Как весенней порою шумят тополя»).

- Как весенней порою шумят тополя!

Ходит ветер, цветочною пылью пыля.

Все живое обласкано солнцем степным,

Словно мать и отец,

Рада наша земля.

- «Жаз» өлеңін білесіңдер ме? «Күз» өлеңін кім жатқа айтады?

Диана:

- Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

-Тағы бір жыл мезгілі қалды. Ол қандай жыл мезгілі? (қыс).

- Қазір Илья «Қыс» өлеңінен үзінді оқып береді.

- Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Мұғалім: - Сендердің алдарыңда Абайдың «Қыс» өлеңі жазылған парақтар жатыр. Ал енді осы өлеңге сатылай кешенді талдау жасаймыз.

1. Тақырып – жазушының шығармасындағы негізгі ой.

2. Шумақ – аяқталған біртұтас ой.

3. Тармақ – өлеңнің әр жолы.

4. Өлең – шағын көлемді шығарма.

5. Идея – ақынның айтар ойы, мақсаты.

6. Бунақ – белгілі дауыс бөлінуі.

7. Буын саны – дауысты дыбыс санына байланысты.

8. Теңеу – заттың, құбылыстың қасиетін бір затпен салыстыру.

9. Эпитет – бір заттың, құбылыстың айрықша сипаты.

- Ал, енді, балалар, тактаға назар аударыңдар, талдау жасайық.

II кезең: **Абайдың қара сөздері.**

Мұғалім: - Абай Құнанбайұлы өлеңнен басқа нақыл, даналық сөздер жазған.

- Қазір сендердің алдарыңда көрініс қойылады.

Көрініс – «Ақыл, жүрек, қайрат».

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі дос болыпты. Бірақ кім әмірші екеніне таласыпты. Үшеуі бір келісімге келмеген соң олар Ғылымға барып жүгініпті.

(Тақта алдына үш оқушы шығады).

Қайрат: - Мен күштімін. Менсіз дүниеде ешнәрсе болмайды.

Жүрек: - Мен – әміршімін. Мен – адамның патшасымын. Қан менен тарайды. Жан мекен қылады. Менсіз тіршілік жоқ.

Ақыл: - Менің ақылымсыз өмір жоқ, сондықтан «мен әміршімін» дейді.

Сонда Ғылым айтыпты: Үшеуің де дұрыс айтасыңдар, сондықтан үшеуің біріккен уақытта ғана өмір сүруге болады.

- Тақырыбы қандай? (Абайдың қара сөздері).

- Бұл – Абайдың нешінші қара сөзі? (17).

- Адамдар арасында не болу керек? (Адамдар арасында достық, татулық болу керек).

- Бір адамның қолынан ешнәрсе келмейді. Адамдар бір біріне қол ұшын беріп, көмектесуі керек. Бірлік болған жерде тірлік болады.

Мұғалім: - Қара деген сөздің бірнеше мағынасы бар, оны мына сөз тіркестерінен көруге болады:

- қара шаңырақ – отбасының үлкен үйі, ата-анасының шаңырағы;
- қара сөз – нақыл, ақыл, даналық, кеңестік сөздер;
- қара жұмыс – адамның жұмыскерлігі.

Қара шаңырақ қандай ұғымды білдіреді?

- Абайдың неше қара сөзі бар?

Мұғалім: - Осы Абайдың қарасөзін бекітеміз (тақтада кесте арқылы бекітіледі.):

- II бөлімнің тақырыбы қандай? (Білім, ғылым, дін, адамгершілік).

- жанр түрі қандай? (Проза).

- идеясы неде? (Нақыл сөздер, өсиет).

- тәрбиелік мәні неде? (Адам өмірде дұрыс жүріп, ақылмен ойлап, артық сөз айтпау керек).

- Сонымен, Абайдың қарасөздерін тану арқылы біз оны ұлы дана, философ дейміз.

III кезең: **Абай өлеңдері.**

- Балалар, тындандаршы (ән естіледі). Слайд – «Желсіз түнде – жарық ай».

Мұғалім:

- Құлақтан кіріп бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең менше сүй!

- Бұл не? (өлең).

- Қандай өлең?

- «Желсіз түнде – жарық ай» Абайдың бір әдемі өлеңі, табиғатқа, махаббатқа арналған.

- Мұнда ақын нені суреттеген? (Дала, кеш, көшпелі ауыл, жарық ай, желсіз түн, тау, өзен жағасы).

Мұғалім: - Абай атамизды ақын ретінде есімізге түсірдік, ол тағы кім?

Оқушы: - Сазгер ретінде білеміз. («Абай – сазгер», кітаптың 3-беті).

- Қандай өлеңдеріне ән жазған? «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде – жарық-ай», «Қараңғы түнде тау қалғып».

- Сендерге Абайдың қандай өлеңі ұнайды? Ал енді бұл өлеңді айтайық.

Бейне таспа: - Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңі орындалады.

IV кезең: **Абай – аудармашы.**

- Бұл кімдер? (орыс ақын-жазушылары).

- Орыс ақын-жазушылары Абаймен қалай байланысты? (Абай олардың шығармаларын қазақ тіліне аударған).

- Сонда Абай кім? («Абай – аудармашы», кітаптың 4-беті ашылады).

Мұғалім: - Оқушылар, Абай атамыз орыс ақын-жазушылардың еңбектерін де қазақ тіліне аударған. Абай атамыздың мақсаты – тек қазақ ақын-жазушыларының еңбектерімен ғана емес, сонымен қатар орыс ақын-жазушыларының еңбектерімен де таныстыру болған.

- А.Құнанбайұлы 1886 жылдан бастап И.В.Крыловты қазақ тіліне аударған.

- Біз қазір көріністі тамашалайық.

Көрініс. «Шегіртке мен құмырсқа».

- Бұл қандай мысалдан үзінді? («Шегіртке мен құмырсқа»).

- Бас кейіпкерлері кім?

- Сендерге кім ұнайды? Неге? (құмырсқа – еңбекқор)

- Еңбек туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? (Еңбектің наны – тәтті, жалқаудың жаны – тәтті).

- Біздің қалада ең басты көшеде саябақтың жанында қандай ескерткіш тұр? (Абай мен Пушкин).

- Абай мен Пушкин – екі елдің ұлы тұлғасы. Олардың шығармашылығы тығыз байланысты. Абай «Евгений Онегиннен» үзінді аударды.

Көрініс. «Татьяна және Онегин».

Мұғалім: - Абайдың 1891 жылы інісі Оспан, 1895 жылы баласы Әбдірахман қайтыс болды. Осы кезде Лермонтовты аударуға көшеді. Барлығы – 27 өлең. Қазір біз әдемі өлең тыңдаймыз. Бұл өлеңді немістің ұлы ақыны Гете жазған, кейін Лермонтов орыс тіліне аударған, Абай қазақ тіліне аударған.

1-оқушы: «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі; 2-оқушы:

Қараңғы түнде тау қалғып,	Горные вершины
Ұйқыға кетер балбырап.	Спят во тьме ночной.
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,	Тихие долины
Түн басады салбырап.	Полны свежей мглой.
Шаң шығармас жол-дағы,	Не пылит дорога,
Сілкіне алмас жапырақ.	Не дрожит листва.
Тұншығарсың сен-дағы,	Подожди немного,
Сабыр қылсаң азырақ.	Отдохнешь и ты.

Мұғалім: - Әдебиетті қай тілде болмасын көркемдік, сұлулық, шешендік ретінде көруге болады.

V. Қорытынды: - Бүгінгі сабақта біз Абайдың шығармашылығын жан-жақты қарастырдық, Абайды терең білуге тырыстық. Бүгінгі сабағымызды қорытындылайық. Алдарыңда ватман жатыр. Осы такырып бойынша бүгінгі сабақта не білдіңдер, ойларыңды жазыңдар.

Тексерейік.

V кезең: Бағалау.

VI кезең: Үй тапсырмасы: Абайдың 38, 17-қара-сөздерін өз сөзімен мазмұндау.

Гүлзағира ТАСТАҒАНОВА,
Алматы қаласындағы
№32 жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.

ТІЛ ҚАДІРІ

Мақсаты: тіл туралы алған білімдерін дамыту.
Міндеттері: білімділік – ана тілінің қадір-қасиетіне, болашағына қамқор болып, өз үлесін қосуға тәрбиелеу. Өлеңдерді мәнерлеп оқуға, мақал-мәтелдерді тиімді пайдалануға, өз Отанын қорғай білуге баулу; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың еліне, ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру, тілді ұлттық мұра ретінде сезінуге, тіл мәдениетін сақтай білуге үйрету, тіліміздің қадір-қасиетін бойларына дарыту.

Түрі: тренинг. **Көрнекілік:** нақыл сөздер, ақын-жазушылардың портреті, кітап бұрышы, интерактивті тақта.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу.

Әнұран айту.

Мұғалім: - Құрметті ұстаздар, оқушылар!

«Тіл қадірі» атты мерекелік кешке қош келдіңіздер.

Тіл – қоғамдағы қарым-қатынас құралы. Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай тіл. Бүгінгі кеште оқушылар мемлекеттік тілді қандай дәрежеде меңгеріп келе жатқанын байқаймыз.

2. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Ұйымдастыру кезеңі: А) үй тапсырмасының орындалу деңгейі мен сапасын тексеру;

Ә) кемшіліктер мен қателіктерді анықтау;

3. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.

Міндеттері:

А) Өткен сабаққа шолу;

Ә) Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру;

Б) Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.


I. Тіл туралы өлеңдер.

Мұғалім: - Мағжан Жұмабаев «Тіл – адам жанының тілмашы, тілі кем болса, адамның қор болғаны» деген екен. Тіл – тарих тереңіне бойлатып, өнер бұлағынан сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас бұлағы. Тіл әрбір адамға ана сүтімен беріледі. Тіл – әрбір елдің, ұлттың мақтанышы.

Тәлім-тәрбие тілден басталады. Олай болса, тіл – бөбектің үні, тіл – ананың әлдіі, тіл – бесік жыры. Ана тілі – ар өлшемі. Тіл шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Интерактивті тақтадан көрсетіледі.





Ән: «Анамның тілі».

Тіл туралы өлеңдер, ұлағатты сөздер оқылады.

1-оқушы: - Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшше тілім, мен де бірге өшемін. (Ә.Тәжібаев).

2-оқушы: - Қазақ тілім – самғаған бұл нұр бағым,
Қазақ тілім – ана тілім, ардағым.
Сен арқылы жетіп жатыр өмірге
Жан сырларым, тілегім, бар арманым.

3-оқушы: - Жанбасам да, жансам да
Туған тілде сайраймын.
Мылқау болып қалсам да,
Туған тілде ойлаймын

1) Ата-ана, қыз тілегі:

Өрлеуі ғой төске елің!

Адамдықтың тірегі –

Адал болып өскенің (4-оқушы).

- 2) Ана тілім – әнім, Қ.Қайымов. (5-оқушы).
- 3) Ана тіліне – тағзым, М.Әлімбаев. (6-оқушы).
- 4) Ана тілім, ҚМырзалиев. (7-оқушы).
- 5) Тілім барда мақтанамын, Қ.Құрбанқожаев. (8-оқушы).

«**Бәрін білгім келеді?**». Бұл кезеңде әр пән бойынша сұрақтар беріледі. Берілген сұраққа бірінші болып қол көтерген топ мүшесі дұрыс жауап беруі керек.

Сұрақтар:

1. Сөз табының неше түрі бар? (9)
2. Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Нұрсұлтан Назарбаев).
3. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? (Астана).

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар».

Сынып оқушылары 3 топқа бөлінеді: 1-топ – «Балдырған», 2-топ – «Балдәурен», 3-топ – «Балауса».

Жүргізуші: - Қазылар алқасын сайлайық.

(Математика, қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, география, биология пәні мұғалімдері).

Сайыс 5 кезеңнен тұрады.

1-кезең: Бәрін білгім келеді? (Сұрақ-жауап).

2-кезең: Тіл өнері. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!».

3-кезең: «Жалғасын тап».

4-кезең: «Ырыс алды – ынтымақ».

5-кезең: «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

- Әрқайсысы бақтарын көрер енді.

Оқушыларға сәттілік тілеп, сайысымызды бастайық.

«**Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!**». Бұл кезеңде жұмбақ жасырылады. Жауабы 3 тілде айтылуы керек.

1. Үндемес серік, ақылы берік (Кітап, книга, book).
2. Толып келіп, бос кетеді (қасық, ложка, spoon).
3. Жемге ауыз салса – ұтылғаны (балық, рыба, fish).
4. Тұмсығымен қозғалар, Соңында аппақ із қалар (Түйе, верблюд, camel).
5. Бесікте бала шырылдайды, Көтерсен құлағыңа сыбырлайды (телефон, telephone).

«Ырыс алды – қызыл тіл». Бұл кезеңде әр топ үйден дайындап келген жаңылтпаштарын бір-біріне айтады.

«Жалғасын тап». Мақал-мәтелдер сайысы.

1. Оқу – білім бұлағы (білім – өнер шырағы).
2. Тіл тас жарады (тас жармаса, бас жарады).
3. Батамен ер көгерер (жанбырмен жер көгерер).
4. Атадан ұл туса игі (ата жолын қуса – игі).
5. Ел – даусыз болмас (ер – жаусыз болмас).
6. Өнер алды – (қызыл тіл).

II. Мәтінді оқу. Мен Қазақстанда тұрамын. Мен қазақпын. Ана тілім – қазақ тілі. Менің досым бар. Ол – орыс. Оның ана тілі – орыс тілі.

Әр адам өз ана тілін білу керек. Мен ана тілімді құрметтеймін. Ана тілім – ата-бабамның тілі. Ана тілі – дана тіл.

Өзге тілдерді үйрену үшін өз ана тілін жақсы білу керек. Мен өз ана тілімді жақсы білемін.

Дене сергіту. «Қара жорға» биі.

III. Тіл туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер:

- 1) Ана сүті – бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді. (Сергей).
- 2) Өнер алды – қызыл тіл. (Ангелина).
- 3) Әдептің басы – тіл. (Иван).
- 4) Күннің шуағы – жылы,

Ананың құшағы – жылы. (Альмира).

- 5) Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл. (Кирил).

Күй: Тойбастар (Данил).

Өзара сөйлесу:

- Сен қандай мектепте оқисың?
- Мен орыс мектебінде оқимын.
- Сенің ана тілің қандай?
- Менің ана тілім – қазақ тілі.
- Сен ана тіліңді білесің бе?
- Иә, мен ана тілімді білемін.
- Сен ана тіліңді кімнен үйрендің?
- Мен ана тілімді атамнан, әжемнен, әкемнен, шешемнен үйрендім.
- Сен қазақ тілінде кітап оқисың ба?
- Иә, менің жақсы көретін кітабым – «Қазақ ертегілері». Оны маған ағам сыйлаған.

Мәтін оқу. Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз. Бұл – көп диаспоралы мемлекет. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. (Ділімұхаммет).

Сабақты бағалау: Міндеті: Өзара бақылау, жеке оқушының және сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру (ынталандыру, ескерту, мадақтау, т.б.).

Рефлексия кезеңі. Міндеттері: оқушының көңіл-күйін, іс-әрекетін, оқушылар мен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясы жағдайын жасау.

Оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

Тапсырма: Болашақ Қазақстан халқы қазақ тілін қалай меңгеретіндігін көз алдына елестете отырып, сурет немесе эссе жазу (5 мин.).

Қорытындылау кезеңі: Қорытынды сөзді қазылар алқасына береміз. Жеңімпаз топты марапаттау.

Роза ОТАРБАЕВА,
«Белағаш» мектеп-
балабақшасының мұғалімі.
Ақмола облысы.

ӨЗ ОЙЫҢДЫ ЕРКІН ЖЕТКІЗЕР ДОМБЫРА

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: қазақ халқының негізгі ұлттық аспабы – домбыра туралы түсінік беру. Оның шығуы, құрылысы туралы аңыздарға тоқталу. Міндеттері: **білімділік** – ұлттық аспаптар туралы мағлұмат беру. Домбыраның сан алуан қасиеттерін таратып айтып, адам өміріндегі рухани жолдастық қызметінен сыр шерту; ойды дамытудағы домбыраның атқарар рөлі; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, өз ойын еркін жеткізуге жетелеу; **тәрбиелік** – атадан қалған асыл мұраларды қадірлей білуге, елін, халқын, салтын сүйуге, қазақтың ұлттық аспаптарын мақтаныш тұтуға тәрбиелеу.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Әнұран;
2. Кезекшімен әңгіме.

2. Психологиялық дайындық:

Ақ көңілді жүрекпен,
Ақ ниетті тілекпен
Амандасып алайық,
Қонақтарға ізетпен!

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Деңгейлік тапсырмалар:

III деңгей. Отан туралы диалог құрастыру.

II деңгей. Отан туралы шағын шығарма жазып келу.

I деңгей. Отан туралы өлең жаттап келу.

III. Жаңа сабақ:

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбын ашу үшін мына сөзжұмбақты шешейік (Сөзжұмбақ).

1. Құрманғазының шәкірті, күй анасы? (Дина).

2. Ең көне күйлер атасы? (Қорқыт).

3. 100 жасаған ақын? (Жамбыл).

4. Атақты сазгер, әнші, ақын? (Біржан сал).

5. Күйші, қобызшы, сазгер? (Ықылас Дүкенұлы).

6. Күй атасы? (Құрманғазы).

7. Құрманғазының күйі? (Адай).

- Сонымен кілт сөзі қандай?

- Дұрыс. Домбыра. Сөзжұмбақты шешіп, бүгінгі сабақтың тақырыбын аштық. Сабақтың тақырыбы: «Қазағымның қазынасы – домбыра».

Сабақтың ұраны:

«Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл-сәл кем бұра.

Нағыз қазақ – қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра» .

- Балалар, біз бүгін сабағымызда қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы – домбыра аспабымен танысатын боламыз. **Домбыра** – ертеден келе жатқан қазақ халқының ең сүйікті, ел арасына кең тараған, түрлі шежіреге бай, музыкалық аспабы. **Домбыра** – ішекті аспаптардың **ең көне түрі**. Ол – ұлттың тарихында қарапайым халықтың қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп, қазақтың басын торлаған ауыр кезеңдерінде

жұбаныш бола білген алып та ұлы аспап. Домбырада әр түрлі музыкалық шығармалар орындалады.

Бұрын ел арасында небір әнші, жыршылар мен күйшілер өмір сүрген. Олар ел аралап, домбырамен тойларда ән салып, халықтың көңілін көтерген. Жаугершілік соғыс кездерінде домбырадан төгілген күй адамға рух беріп, еңсесін көтерген екен. Аты аңызға айналған ержүрек батыр Махамбет те домбырада ән салып, күй тарта білген. Ал ұлы күйшілер, күй өнерінің негізін қалаған Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Тәттімбеттердің домбыра аспабында ойнау шеберлігі туралы сөз басқа. Домбыраның 20-дан астам түрі бар. (Слайд. Домбыра түрлері).

Сабакты әрі қарай жалғастыру үшін сөздік жұмысын жүргіземіз.

IV. Сөздік жұмысы (Слайд):

Қос ішекті – двухструнный;

Тиек – деревянная подставка под струны;

Перне – лад, поперечные деления на струнных инструментах;

Шанақ – корпус;

Мойын – гриф;

Басы- головка;

Құлақ – ушко;

Ойық – отверстие.

(Сөздердің аудармасын оқушылар өздері іздеп табады, оқушылар тек қана қазақ тілінде оқиды, сөздік дәптерлеріне жазады)

V. Слайд (Оқушыларды домбыра құрылысымен таныстыру).

Домбыраның құрылысы:

I. Домбыраның мойыны – пернелерді орналастыру.

2. Шанағы – дыбыс шығару үшін қажет.

3. Құлағы – ішектерін бекіту.

4. Тиегі – ішекті көтеріп тұру үшін қажет.

5. Ішегі – дыбыс шығару үшін қажет.

6. Пернелер – нота теру, дыбыс шығару үшін керек.

Слайд. Домбыраның суреті.

- Балалар, біз жаңа сөздермен, домбыра құрылысымен таныстық. Домбыра – әрбір қазақтың үйінің қымбатты және қасиетті заты. Осы домбыра қасиетін жырлайтын аңыздар да, шертілер сыр да өте көп. Сондықтан әр топқа жеке тапсырма беріледі (Топтық жұмыс).

VI. Топтық жұмыс (слайд).

I. Домбыраның ішектері қалай пайда болған?

II. Домбыраның тиегі қалай пайда болғаны туралы аңыз.

III. Домбыраның шанағындағы ойық қалай пайда болған?

Оқушылар мәтінді оқиды. Орыс тілінде мазмұндайды.

VII. Тақтамен жұмыс. Әр топ мәтіндегі асты сызылған сөйлемге синтаксистік талдау жасайды.

1. Жолдан шаршаған ана ағаш түбіне келіп демалады.

2. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады.

3. Күйші болған жағдайды күй арқылы жеткізеді.

VIII. Деңгейлік тапсырмалар: III деңгей.

Көп нүктенің орынына тиісті жалғауларды қойып жазындар. Көмекші есімдердің астын сызындар.

Қала ... іші. Көпір... асты. Базар... маңайы.

Ауыл... сырты. Аялдама... алды. Төсек... жаны.

Көпір... үсті. Орман... жаны. Жол... қасы.

II деңгей. Сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Домбыра – қазақ халқының арасына (кең тараған аспап)

2. Ол – қос ішекті (музыкалық аспап)

3. Оның ерекшелігі - ... , ... , (ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады)

4. Домбыраның дауысы – қоңыр, (құлаққа жағымды)

I деңгей. Берілген жай сөйлемдерден жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдер құрастырыңдар.

1. Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған ішекті музыкалық аспабы.

2. Ол – қазақ халқының өмірінде маңызды орын алатын аспап.

3. Ол – өзіндік музыкалық сипаты бар аспап.

4. Домбыра, негізінен, екі ішекті, кейде үш ішекті болып келеді.

X. Бекіту.

I. Тест.

1. Ұлттық аспаптың түрінен ішекті аспапты табыңдар.

А. Дабыл; Ә. Асатаяқ;

Б. Домбыра; В. Сазсырнай.

2. Қазақтың ұлттық аспабына жатпайтынын табыңдар.

А. Домбыра; Ә. Баян;

Б. Сазсырнай; В. Жетіген.

3. Берілген сөйлемді толықтырыңдар.

Домбыра

А. Тартылады; Ә. Қол соғады;

Б. Ойнаймыз; В. Айтамыз.

4. Орыс арқылы енген кірме сөзді табыңдар.

А. Ән; Ә. Күй; Б. Музыка; В. Өлең.

5. Көмекші есімді табыңдар.

А. Туралы; Ә. Да; Б. Алдында; В. Және.

6. Берілген қатардан буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаны табыңдар.

А. Күйші; Ә. Өлең; Б. Сазгер; В. Ән.

7. Музыкалық шығарманы орындау үшін не керек?

А. Сызғыш; Ә. Аспаптар;

Б. Өшіргіш; В. Қылқалам.

8. Жошы ханның жалғыз ұлы туралы баян етілетін тарихта қалған күйді атаңдар.

А. «Қоңыр қаз»; Ә. «Алтай батыр»;

Б. «Кісен ашқан»; В. «Ақсақ құлан».

II. «Күй ойнайды қазағымның қанында,

Күй ойнайды қазағымның жанында.

Жүрегімнің, жүрегімнің дүрсілі,

Күмбірлеген домбырасы барында», - деп бүгінгі сабағымызды өздеріңнің бір-бір ауыз домбыра туралы көркем сөздеріңмен аяқтасақ.

Арман: - Ұлтымыздың ұраны.

Вика: - Көңіліміздің жыр әні – Домбыра!

Степан: - Қуаныш пен жұбанышсың – Домбыра!

Люба: - Тарихымен үндескен сен – Домбыра!

Люда: - Айтылатын жырымсың сен – Домбыра!

Кристина: - Сенде сыр бар айтылар, Домбыра!

Игорь: - Сенде нұр бар шашылар – Домбыра!

Ернар: - Бұл аспап – ата көзі, баба мұра – Домбыра!

X. Бағалау. Сабағымыз өз мәресіне жетті. Бүгін сабақта ...

XI. Үй тапсырмасы: 1. Сөздерді жаттап келу.

2. Домбыра туралы мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, өлең жаттап келу.

XII. Ән шашу.

Мәншүк АХМЕТОВА,
№26 орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы.

СӨЗ ТҮРЛЕРІНДЕ – ӨНЕР

(8-сынып)

Мақсаты: өнер туралы білімдерін толықтыру, жинақтау, білетінін сөйлеу арқылы еркін жеткізу.
Міндеттері: білімділік – Өнер туралы қысқаша әңгімелей білу. Өткенді қайталау арқылы лексикалық сөйлеу тілдерін қалыптастыру; **дамытушылық** – топтық, жұптық жұмыстарын жүргізуді дамыту. Сөздің түрлері (төл сөз, төлеу сөз) туралы білімін одан әрі дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың эстетикалық сезімдерін оята отыра, бір-бірін қадірлеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Типі: дәстүрлі емес. **Түрі:** тақырыпты қорыту – бекіту сабағы (нәтиже сабақ). **Технологиялар:** ақпаратты-құзыреттілік, сын тұрғысынан ойлау, модульдік оқыту. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, портреттер, компьютер.

Сабақтың барысы.

Құрманғазының күйі «Сарыарқа» ойнап тұрады.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Психологиялық сәт: «Көңіл шеңбері».

«Арайлап таң атты,
Арайлап күн шықты.
Қайырлы күн, балалар,
Жұма сәттілікке толсын,
Бүгінгі алған бағаларың
Кілең бестік болсын!

– Бір-бірімізге жүрек жылуын сыйлайық.
(Алақандарын ашып көрсетеді).

2. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

3. Ребус шешу.

Бүгінгі сабағымыз қандай тақырыпта өтетінін ребус шешу арқылы табайық. Мына тақтадағы ребусты шешейік.

Қандай сөз шықты.«Өнер» деген сөз шықты (өрмекші, нан, етік, арыстанның) суреттері.

4. Ассоциациялық сызба «Өнер» (өнерсүйгіш, өнерпаз, ән, әнші, күй, күйші, саз, сазгер, аспап).
Интерактивті тақтамен жұмыс.

Сызба бойынша сөйлемдер құрау.

5. Мұғалімнің сөзі: - «Өнер» модулін қорытындылай келе, нені білуіміз керек?

1. «Өнер» тақырыбы бойынша сөздер мен сөз тіркестерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуіміз керек.

2. Өнер адамдары жайында қысқаша әңгімелей.

3. Мәтін ішінде төл сөз бен төлеу сөзді тауып, ажырата білуіміз керек.

Біздің бүгінгі сабақтағы мақсатымыз: модуль бойынша алған білімімізді толықтырамыз, пысықтаймыз, бекітеміз. Сабақтың мақсатына жету үшін тапсырмалар орындаймыз, ауызша сөйлесіп, тіл байлығымызды дамытамыз.

- Балалар, мына эпиграфқа назар аударайық: «Өшпес өмір кілті – өнерде» (Қорқыт ата).

Мақсат: Сабақ соңында неге өшпес өмір кілті – өнерде екенін айтып бересіңдер.

6. Өнер туралы мақал-мәтелдер айту.

7. **Тақтада өнер туралы мақал-мәтелдерді толықтыру.** Интерактивті тақтамен жұмыс.

8. **Мәтінмен жұмыс.** Мақсаты: Мәтінмен танысу, тапсырмалар орындау.

1-топ осы мәтінді оқып, әңгімелейді.

2-топ мәтінді оқып, осы мәтінге сұхбат құрастырады.

9. **Грамматикалық тапсырмалар орындау.** Мақсаты: сөздердің түрлерін қайталау.

1-топ. Мәтіннен төл сөздерді табу.

2 топ. Мәтіннен төлеу сөздерді табу.

10. **Сергіту сәті.**

11. **Бейнекөрініс.** «Қыз Жібек» фильмінен үзінді көру.

Мақсаты: бейнекөріністі көріп, мұқият тындап, бас кейіпкерлерін естерінде сақтау, сұрақтарға жауап беру.

Меруерт Өтекешова, Құман Тастанбеков, Асанәлі Әшімовтың суреттері.

Сұрақтар:

- Қай кинофильмнен үзінді көрсетілді?

- Бас кейіпкерлері кімдер?

- Басты рөлдерді ойнаған қандай әртістер?

12. **Аймақтық компонент. ШҚО өнер адамдары.**

13. **«Даналық кестесі».** Берілген сандар бойынша тапсырма таңдап, ұпай жинайық, күрделі сұрақ-

тардың ұпайы жоғары.

Мақсаты: алған білімімізді бекітеміз, модуль бойынша сұрақтарға жауап береміз.

14. **Сабақты қорытындылау.** Эпиграфқа оралайық.

«Өшпес өмір кілті – өнерде» (Қорқыт ата).

Неге олай айтылған?

15. **Үй тапсырмасы:** Деңгейлік тапсырмалар. Өнер адамдары туралы реферат жазу. Сүйікті өнер адамына хат жазу. «Қазақ музыка өнері» тақырыбына шығарма жазу.

16. **Бағалау.**

17. **Рефлексия.** Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?

Ән айту. «Достарым».



Күләш ҚАСЫМЖАНОВА,
Алматы қаласындағы
№22 мектеп-гимназия
мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДА – ТУҒАН ЖЕР

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) тәуелсіздік таңы атқаннан бастап Қазақстан Республикасының қол жеткен табыстарынан хабар беру; ә) оқушының

дүниетанымын, көзқарасын, өз ойын жеткізу, ауызша сөйлеу тілін дамыту; б) оқушыны отансүйгіштікке, елін, жерін мақтан тұтуға, қорғауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** 1) интерактивті тақта, 2) плакат, 3) тәуелсіздік монументінің, бәйтеректің суреті, 4) бейнекөріністер. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Баспасөз материалдары. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ әдебиеті.

I. Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Сәлемдесу;

Ә) Гимн айту.

II. Жаңа сабақ.

Күй. Балбырауын.

Мұғалімнің сөзі: - Құрметті оқушылар, қонақтар!

Бүгін біздің мектебімізде мереке. Өйткені тәуелсіздік алғанымызға 22 жыл толып отыр. «Атамекен – туған жерім» тақырыбындағы ашық сабағымызды бастаймыз.

Бүгінгі сабақтың мақсаты: Тәуелсіздік таңы атқаннан бастап Қазақстан Республикасының 22 жылда қол жеткен табыстарынан хабар беру. Еліміздің егемендік алу жолындағы ерен еңбегін жас ұрпақтың жүрегіне жеткізу. Отансүйгіштікке, елін, жерін мақтан тұтуға, қорғауға тәрбиелеу.

Жүргізушілер – Данияр, Мәдина:

Тәуелсіздігіміз – халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты. Оның іргетасының мықты болып, нығаюы жас

ұрпақтың терең білімі мен тәлімді тәрбиесіне тікелей қатысты.

Еліміздің ендігі мақсаты – экономикалық, әлеуметтік, даму бағытымыздың әлем алдындағы бәсекелестікке төтеп беруі.

Ақдара:

- Тәуелсіздік –

Бабалардың ұраны,

Бейуақытта бойға таққан тұмары.

Тәуелсіздік –

Түнектерде тұншығып,

Ызғар ұрып, жанбай қалған шырағы.

Қалмады жалын жастық басқа амалы,

Шалқайды империя тас қамалы.

Қазақтың тәуелсіздік алған күні

Ызғарлы желтоқсаннан басталады.

Таңғажайып атың да дәл табылды

Табылды да талай жұртқа танылды.

Қазақ елі, көкке жетті көк туың,

Сен - тәуелсіз мемлекетсің кәдімгі!

Мәдина:

- Сахара байтақ далада,

Сарқырап аққан салада

Жүздеп, мыңдап мал жиған,

Шаруасын күйттеп шалжиған,

Қыс қызылды қыстаған,

Жаз Арқаны жайлаған.

Жері байтақ, елі бай,

Малы құрттай қайнаған.

Қоралап қойды айдаған,

Желілеп нарды байлаған.

Дүмбірлеген ақ үйлер
Жасаумен іші жайнаған.

Қазақ жерін жаулаған қалмақ хандығының зорлық-зомбылықтары тарихтан белгілі. Сөз құдіретін білген ұлы адамдардың ел мен елді татуластыруда еткен еңбектері зор болды.

Мұғалімнің сөзі:

- Сенбесең де өзің біл, сенсең, мейлі,
Бәрі қазір: «Қазақ кім, көрсем», - дейді.
Қазағымның тарихы қатпар-қатпар,
Сондықтан да ол жылмен өлшенбейді.

Көрініс. Қазыбек шешеннің қазақтарды таныстыруы.

Қалмақтың сөзі. Суннатжан: - Уа, қалмақ елім! Қазақ деген халық бар көрінеді: өнерге олақ, малға бай, діні шала, ауыздары ала. Соған баралық, шамасын байқап қаралық, ептеп жөнге салалық, дәм-тұзын таталық, аз затпен көп пұл шығарып, қарық олжаға баталық, айналдырып қаралық, айтқанға көнбесе, тас- талқан ғып шабалық.

Қазыбек шешеннің сөзі – Данияр:

- Біз – қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз.
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз.
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Асқақтаған хан болса,

Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
Сен қалмақ болсаң, біз – қазақ...
Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз.

Қалмақтың сөзі:

- Қазақ халқы – намысқой, рухы биік, ниеті таза, достыққа берік, сөзге шешен, батыр халық екен. Осы асыл қасиеттерге басымызды иеміз.

Өз елінің тәуелсіздігін аңсаған қазақ жастарының қозғалысы, еліміздің еркіндігіне жол ашты.

«Өзіндікі елің де» өлеңі.

Тәуелсіздік алып, жеке отау тіккенімізге 22 жыл да болып қалды. Біз осы жылдарда қатты есейдік, мемлекет құрудағы қиыншылықтарды жеңе біліп, келесі табыстарға жеттік.

Хронологиялық кесте.

- 1991 жыл.

1 желтоқсанда Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Президенті болып сайланды.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды Тәуелсіз Республика деп жариялады.

Бірінші қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарыш кемесімен көкке самғады.

- 1992 жыл.

1992 жылы маусым айында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды.

- 1993 жыл.

1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы – теңге айналымға шықты.

- 1994 жыл.

Қазақстанның жаңа ордендері мен медальдары дүниеге келді.

Екінші қазақ ғарышкері – Талғат Мұсабаев ғарыш кемесімен көкке самғады.

- 1995 жыл.

30 тамызда Қазақстан Республикасының Ата заңы – Конституциясы қабылданды.

- 1997 жыл.

Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030 даму стратегиясы» туралы хабарлады.

- 1998 жыл.

Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды.

- 2000 жыл.

«Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды.

- 2003-2015 жылдар.

Қазақстан XXI ғасырды зор сеніммен қарсы алды. 2015 жылға дейінгі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы қабылданды.

- 2010 жыл.

ЕҚЫҰ-ның саммиті өтті. (Европадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы).

- 2011 жыл.

2011 жылы VII Қысқы Азияда ойындары өтті.

Күй. «Көңіл толқыны».

Тірек-сызба. «Атамекен – туған жерім» (Мұғалімнің сөзі).

Атамекен – өте кең ұғым. Біздің атамекеніміз Қазақстан. Қазақстан – халқымыздың атам заманнан бері мекендеп, суын ішіп, өмір сүріп, өсіп-өніп келе жатқан кең жазира жері. Қазағымыздың жеткен табыстары жайында ой қозғап, алған білімімізді толықтыра түсейік.

- Балалар, ендігі кезекте тақырыбымызға байланысты ой қозғайық.

Тірек-сызба арқылы алған білімімізді толықтырайық.

1. Қазақстанның неше облысы, қаласы бар? (14 облыс, 85 қала бар).

2. Бәйтеректің биіктігі неге 97 метр? (Бұл астананың Алматыдан Астанаға 1997 жылы көшірілуіне байланысты).

3. Қазақ елінің неше астанасы болды? Оларды атап бер (Орынбор, Қызылорда, Алматы).

4. Тәуелсіз даму жылдарында әлемнің неше елімен қарым-қатынас орнаттық? (121).

5. Бүгінде Қазақстан қандай ұйымдарға мүше? (БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ.).

6. Шетелдік қонақтарды не қызықтырады? (қонақжайлылығы мен қазба байлығы).

7. Мемлекет дегеніміз не? (саяси ұйым, оның басқарушы органдары, өзінің аумағы болады, өз қызметі билігін жүргізеді).

8. Атамекен деген не? (кіндік қаны тамған туған жер).

Астана – бас қала, Алматы – әсем қала.

Мұғалім сөзі: - Ел өмірінде әр кезеңде жаңалықтар, жақсылықтар болып тұрады. Соның айғағы халқымыздың қалауымен, Елбасының қолдауымен жаңа отау тіккен астанамыз – Астана қаласы. Астана – Қазақстанның жаңа астанасы. Алматының аты Астанамен бірге аталады.

- Балалар, Астана және Алматы қаласы туралы сұрақтарға жауап беріп, қалаларымызды гүлдендірейік.

Алматы:

1. Алматы қаласының іргетасы қай жылы қаланды?
2. Алматы қаласын астана ретінде көркейткен ұлы адам кім?
3. Алматының символы не?
4. Алматы қаласында Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына ненің тұсаукесері өтеді?
5. Алматы қаласы қандай орталық?

Астана:

1. Астананың символы не?
2. Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» атағы қай жылы берілді?
3. Мемлекетіміздің астанасы Алматы қаласынан Астана қаласына қандай себептерге байланысты көшірілді?
4. 2008 жылы Астана қаласында қандай монумент ашылды?
5. «Пирамида» аталып кеткен қандай сарай?
– Сіздердің білімдеріңіздің арқасында екі қаламыз да жайнап кетті.

Сабақты қорыту.

Мұғалімнің сөзі:

- Жанды бүгін, мінеки, қайта бағың,
«Қазақпын» деп жар салып айта аламын.
«Мен – қазақпын!» деп еді Жұбан ақын,
Мен де соны келеді қайталағым.

Сыныпқа немересін ертіп, ақсақал кіреді.

Ақсақалдың сөзі: - Құлыным, мынау – сенің кіндік қаның тамған жер. Тәуелсіздік алу жолы оңайға түскен жоқ. Сондықтан да желбіреген көк туымызды көкке көтеру – саған аманат!

Немересінің сөзі: - Ата, мен – бүгінгі бүлдіршін, ертеңгі – азаматпын! Еліміздің туын бірге көтерейік!

Бегалы Бекжан. «Атамекен» әні.



Ләззат ДОСАХАНОВА,
Арал қаласындағы
№13 орта мектептің
мұғалімі.
Қызылорда облысы.

ЕСІМШЕНІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

(6-сынып)

Мақсаты: 1) есімшенің жасалуы мен түрлері, сөйлемдегі қызметі туралы түсінік беру; 2) сауаттылыққа баулу, алған білімі негізінде ойлау қабілетін дамыту.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ой-қозғау. **Көрнекіліктер:** плакат, қима қағаз, дайын флипчарттар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

I. Ұйымдастыру:

а) Оқушылардың сабаққа қатысуы;

б) Оқушылардың көңілін сабаққа аудару.

II. Сабаққа ден қою.

1-флипчарт:

Барша заттың бір өзінде қимылы,

Сөз табының күрделісі, қиыны.

Сабақты салт есімше, көсемше бар,

Шақ, рай, етіс те боп жиылды.

- Балалар, осы өлең шумағы қай сөз табын жасырып тұр.

2-флипчарт:

Өткен тапсырманы еске түсіру.

«Мағыналық белдеулердің» астында сұрақтар жасырынған (13, 14, 15, 16, 17 флипчарттар):

Е – болымды;

Т – болымсыз;

І – салт;

С – сабақты;

Т – етіс;

І – есімше;

К – көсемше, тұйық етістік.

III. - Олай болса, бүгін осы «Есімшенің жасалуы мен түрлері» атты жаңа сабақ өтеміз.

- Дәптерге бүгінгі күнді жазайық.

3-флипчарт:

- Біз есімше туралы не білеміз?

Ережесі.

Қай сөйлем мүшесі бола алатынын айтады.

4-флипчарт:

Бүгінгі тақырыпта нені үйренуіміз керек?

1. Есімшенің жасалуы мен түрлерін.

2. Есімшенің өзіне тән ерекшеліктерін.

Оқулықпен жұмыс.

Бөлінген 4 топ тақтаға кестені толтырып, есімшенің жасалу жолдарын түсіндіреді.

5-флипчарт.

Жасалу жолы:

-қан, -кен, -ған, -ген;

-ар, -ер, -р; -с;

-шақ, -шек, -бақ, -бек,

-пақ, -пек;

-атын, -етін, -йтын,

-йтін.

Түрі:

Өткен шақ есімше;

болжалды келер есімше;

мақсатты келер шақ;

есімше;

ауыспалы өткен шақ;

есімше.

Жоқ, емес сөзі тіркесіп, болымсыздық мағына береді.

6-флипчарт. Есімшенің өзіне тән мынадай ерекшеліктерін анықтап алайық:

1. Есімше заттың, қимылдың белгісін білдіреді;

2. Есімше етістік түбірден жасалса да септеледі, көптеледі, тәуелденеді;

3. Сын есім сияқты зат есімнің алдынан келеді.

7-флипчарт:

«Шым-шытырық» ойыны.

1. Жазылған

қағаз

2. Оқыған

кітап

- | | |
|-------------|-------|
| 3. Жиналған | үй |
| 4. Болған | оқиға |
| 5. Қызған | ойын |
| 6. Сынған | әйнек |
| 7. Жуылған | киім |

Мағынасы сәйкес келетін есімшені зат есімдерге сызықтармен қосамыз.

Оқулықпен жұмыс. 251-жаттығу.

А) Өлеңді оқып, мәнін игерту, авторы Ақтан Керейұлы туралы мәлімет беру.

Қарамен жазылған есімшелердің қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын және олардың мағынасын түсіндіру.

1. Есімше-түсінгенге:

Түбірі-түсін;

Жұрнағы-ген, өткен шақ есімше;

Жалғауы-ге, барыс септік;

Сергіту үшін «Адасқан жалғаулар» ойыны әр топқа беріледі.

Мысалы: Болетін – бол... Келмақ – кел....., т.б.

Шығармашылық жұмыс. Әр топ бес сөйлемнен тұратын мәтін жазып, есімшені табады.

IV. Сабақты қорыту.

Ойқозғау. Мақалды аяқтап есімшелерді тап, мәнін түсіндір:

1. Асық ойнаған азар, (доп ойнаған тозар).

2. Жүгірген жетпес, (бұйырған кетпес).

3. Естіген құлақта(жазық жоқ).

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма: 252-жаттығу. Есімшенің жасалуы мен түрлері.

Марал ҚОЖАБЕКОВА,
Астана қаласындағы
экономикалық лицейдің
мұғалімі.

САУАТТЫЛЫҚҚА БАУЛЫҒАН ДӘРІГЕР

Мақсаты: оқушыларға мамандықтар туралы мәлімет беру. **Міндеттері:** білімділік – етістіктерді дұрыс қоюды, сөйлем құрауды, сұрақ қойып, сұраққа жауап бере алуды үйрету, дағдыландыру; **дамытушылық** – қазақша ойлауын, сөйлеуін, жазуын дамыту, жаңа сөздер арқылы сөздік қорларын молайтып, өз ойларын еркін жеткізуге итермелеу; **тәрбиелік** – мамандықтың барлық түрлерін қадірлеп, дәрігер мамандығының ерекшелігіне тоқтала отырып, денсаулықтарын қазірден бастап сақтауға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, ой тастау. **Пәнаралық байланысы:** орыс тілі. **Жабдығы:** интерактивті тақта, кластер, білім себеті, магнитофон.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру, көңіл-күй көтеру.
 2. Үй жұмысын тексеру.
 3. Жаңа сабақ.
 4. Қорыту.
 5. Үйге тапсырма, еңбектерін бағалау.
- Ұйымдастыру кезеңінде:

- Балалар, бұрылып, қазір біз бір-бірімізге «сен әдемісің, сен ақылдысың, сен жақсысың» деп жылу таратайық.

Үй жұмысын тексеру: «Асханада» диалогын аспазшы мен тұтынушы рөліне бөлініп көрсету: (аспазшының бас киімін кигізсе, бала қызыға орындайды).

Үй жұмысын бағалап, жаңа сабаққа көшу.

Жаңа сабақ: Жаңа сабақтың тақырыбын ашпас бұрын мамандықтарды қайталап шығамыз, слайд арқылы балалар сөйлейді. Суреттерде түрлі мамандықтар.

- Мынау кім?
- Ол не істейді?
- Ол қайда жұмыс істейді?

Орыс тілінде	жұрнақтар	Қазақ тілінде	жұрнақтар
Учи+	-тель	Дәрі+	-гер
Гитар+	-ист	Аң+	-шы
Уче+	-ник	Егін+	-ші


Орыс тіліндегі мамандықтарды жасайтын -тель, -ник, -ист жұрнақтары қазақ тіліндегі -шы,-ші,-гер жұрнақтары туралы балаларға түсіндіріп өту. Мысалдар келтіру.

Магнитофонмен **тыңдалым жұмысын** жүргіземіз.

- Мамандығы қандай? Мамандығы – дәрігер.
- Мамандығы қандай? Мамандығы – студент.
- Мамандығы қандай? Мамандығы – жүргізуші.
- Мамандығы қандай? Мамандығы – мұғалім.
- Мамандығы қандай? Мамандығы – құрылысшы.

Балалар естігендерін айтады, аударарды. Тақтада сөзжұмбақ:

1. продавец;
2. певец;
3. парикмахер;
4. учитель;
5. пахарь;
6. сапожник;
7. художник.



Сөзжұмбақты балалар тақтаға аударып, жазып, шешеді.

Мұғалім: - Балалар, қарандаршы қандай сөз шықты?

ДӘРІГЕР. Бүгінгі сабақтың тақырыбы – Дәрігер. Мақсатын хабарлау.

Жаңа сөздермен жұмыс:

Жауапты – ответственный;

Тіс дәрігері – зубной врач;

Емхана – поликлиника;

Ауырып қалды – заболел.

Жаңа сөздермен пирамида құру:

Врач. Дәрігер.

Зубной врач. Тіс дәрігері.

Зубной врач ответственный. Тіс дәрігері жауапты.

В поликлинике зубной врач ответственный.
Емханада тіс дәрігері жауапты.

Ауырып қалды.

Мен ауырып қалдым.

Мен кеше ауырып қалдым.

Сергіту сәті:

Тісім менің ауырса, тіс дәрігері келеді.

Жауапты ол мамандық, дәрі жазып береді.

Дәріні мен ішемін, рақмет айтып, күлемін. Сергіту сәтінде тістің ауырғанын, дәрігердің келгенін, дәріні ішкенді қимылмен көрсетеді.

5-тапсырманы орындаймыз. Балалар тақтаның қаламымен сөз тіркестерін сәйкестендіріп, мамандықтың түрлері туралы, олардың жұмыс орындары туралы сөйлейді, аударып, орындарына отырады.

Сатушы	мектепте
Дәрігер	дүкенде
Мұғалім	теңізде
Әнші	асханада
Балықшы	театрда

жұмыс істейді.

Осы кезде қалған балалар дәптерге бұл тапсырманы жазады.

Білім себетінен тапсырманы алып, балалар диалог құрастырады.

Дәрігер. Емханада.

Аспаз. Асханада.

Сатушы. Дүкенде.

Тігінші. Тігін салонында.

Балалар жазғандарын сахналық көрініс арқылы рөлдерге бөліп көрсетеді.

Қорыту: «Иә, жоқ» ойынын өткізу:

- Сауыншы үй салады – жоқ.

- Тігінші сурет салады – жоқ.

- Мұғалім сабақ береді – иә.

- Құрылысшы адам емдейді – жоқ.


- Етікші етік тігеді – иә.

- Жүргізуші машина жүргізеді – иә.

- Наубайшы шашты сәндейді - жоқ.

- Шаштараз нан пісіреді – жоқ.

Тақтаға Күннің суретімен кластер жасаймыз:



Үйге тапсырма: 85-бет, 3-тапсырманы жаттау.

Анар КӨБЕКОВА,
Новеньков жалпы
білім беретін мектептің
мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы.

АСТАНА – БАС ҚАЛА

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: Елордасы Астана туралы жан-жақты білімдерін кеңейту. **Міндеттері:** **білімділік** – алған білімдерін тапсырмалар арқылы бекіту. Сұрақтарға жауап беру, ойды жүйелеп айту дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, оқушыларды дұрыс сөйлеуге үйрету; **тәрбиелік** – өз Отанын, халқын, жерін сүйуге, туған жеріне деген патриоттық мақтаныш сезімін туғызу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** интерактивті оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлемдер құрастыру, мәнерлеп оқу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сәлемдесу, кезекшілермен диалог ұйымдастыру.

Үй жұмысын тексеру.

- Сенің атың кім?

- Сен неше жастасың?

- Сен нешінші сыныпта оқисың?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қазір қандай сабақ?

Кіріспе.

Қазақстанның бас қаласы – Астанасы туралы презентацияны тамашалау. Оқушылар Астана көріністерін көрген соң сабақтың тақырыбын шығарады.

Мұғалімнің Астана туралы кіріспе сөзі: - Астана – Қазақстан Республикасының елордасы. Астанада 773 мыңнан астам халық тұрады. «Астана» сөзі қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Онда ол «киелі орын», «босаға» деген мағынаны береді.

1998 жылы Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың тұсауы кесілді.

1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік» қаласы деген атақ беріліп, медальмен марапатталды.

1. Тыңдалым. Астана туралы мәтінді тыңдау. 1-жаттығу.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Қала Есіл өзені жағасында орналасқан. Астанада Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Жастар сарайы, көпқабатты тұрғын үйлер бар.

Астана – мемлекеттің саяси, экономикалық, мәдени орталығы.

III. Негізгі кезең.

2. Оқылым. Мәтінмен жұмыс. Астана – бас қала
A) Мәтінді іштей және дауыстап, мәнерлеп оқу.

Ә) Жаңа сөздермен танысу:

Президент сарайы – Дворец Президента;

Қонақ үй – гостиница;

Жастар сарайы – Дворец молодежи;

Саяси-экономикалық – политико-экономический;

Мәдени – культурный.

Б) Сұрақтарға жауап беріңдер (ауызша):

1. Астана қайда орналасқан?

2. Астанада нелер бар?

3. Астана мемлекеттің қандай орталығы?

- Балалар, мәтінде көпше түрде жалғанған сөздер бар ма? Үйлер, қалалар.

Қазақ тілінде сөздің көпше түрлері -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жалғаулары арқылы жасалады.

Дауысты және р, й, у үнді дауыссыздардан соң -лар, -лер жалғауы жалғанады. Мысалы: балалар, терезелер.

Ұяң және л, м, н, н үнді дауыссыздардан соң -дар, -дер жалғауы жалғанады. Мысалы: қаламдар, сөздер.

Б, в, г, д ұяң және қатаң дыбыстардан соң -тар, -тер жалғауы жалғанады. Мысалы: кітаптар, беттер.

3. Жазылым – дәптермен жұмыс.

2-тапсырма: Қазақ тіліне аудару.

1-топ. В Казахстане много больших красивых городов. В Астане есть музеи, театры, институты.

2-топ. Улицы Астаны широкие, прямые. Астана – столица Казахстана. Я прочитал книгу про Казахстан.

3-тапсырма: жұппен жұмыс. Сөздерді көпше түрде жаз (ауызша).

1-топ.

1-жүп: *оқушы, кітапхана.*

2-жүп: *сынып, қағаз.*

3-жүп: *алма, мектеп.*

2-топ.

1-жүп: *көше, қалам.*

2-жүп: *күнделік, уық.*

3-жүп: *пырақ, саяхатшы.*

4. Айтылым. Аудармасын табыңдар (ауызша).

1-топ.

Көрікті қала – большой памятник;

Әсем ғимарат – главный город;

Бас қала – из года в год;

2-топ. *красивый город;*

Есіл өзені – река Ишим;

Үлкен ескерткіш – красивое здание;

Жылдан жылға – из года в год.

5. Фонетикалық жаттығу. Тапмақты дауыстап оқу, буынға бөлу, буындарды ажырату (ауызша).

1-топ.

Жаса, жаңа Астанам,

Өркен жая бастаған!

2-топ.

Асқақтай бер, Астанам,

Берекеге бастаған!

1-топ. 2-топ

Астана, Алматы сөздеріне фонетикалық талдау.

Қорытынды: 1. Астана қандай қала? 2. Астана қайда орналасқан? 3. Астанада не көп?

V. Бағалау: Оқушылар өз жұмыстарын талдап, бағалайды.

VI. Үй тапсырмасы: 1-жаттығу, мазмұндау (42-бет).

АСТАНА – БАС ҚАЛА

Мақсаты: өтілген материалдарын қайталау арқылы оқушылардың меңгерген білімдерін жүйелеу, бекіту.
Міндеттері: білімділік – тақырыпқа байланысты өз ойларын айта білуге үйрету; **дамытушылық** – алған білімдерін толықтырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілік рухында, астанамызды сүйуге тәрбиелеу.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, оқыту, іздендіру, жаттығу, мәнерлеп оқу, түсіндіру. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, слайдтар, ән айту, сөзжұмбақ.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру.
 2. «Ой шақыру» Сөзжұмбақ шешу.
 3. Астана туралы фотоальбом көру.
 4. Мәтінмен жұмыс.
 5. Сөздік жұмысы.
 6. Сергіту сәті.
 7. Дәптермен жұмыс: деңгейлік тапсырма.
 8. Бес жолды өлең.
 9. Қорытындылау: «Дұрыс па, бұрыс па?»
 10. Үйге тапсырма.
 11. Бағалау.
- І. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Әнұран айту.
- Балалар, отырыңыздар.
- Бүгін нешесі? Аптаның қай күні?

- Өткен сабақтарда біз Қазақстан Республикамыздың астана болған қалаларымен таныстық. Сол қалаларды еске алайық.


- Қанеки, атаңдаршы, Қазақстанның астаналары қай қалалар? Суретке қарап, оларды айтыңдар.

- Дұрыс, Астанаға дейін Қазақстанның елордасы – Орынбор, Қызылорда, Алматы болған.

- Жаксы, ал қазір біз астаналар модулі бойынша ақырғы астана тақырыбын өтеміз.

II. «Ой шақыру».

Ол үшін біз мына сөзжұмбақты шешейік.



1. Қазақстанның астанасы болған қала?
2. Астана қай өзеннің бойында?
3. Астананың символы?
4. Астана деген сөзінің синонимы.
5. Туған жер деген сөз тіркесінің синонимы.
6. Астана қандай қала?
- Қандай сөз шықты? – Астана.
Дұрыс: Астана қандай қала?
- Ол – бас қала. Қазақстанның астанасы.
- Иә, Астана – Қазақстанның астанасы.

Жаңа тақырыбыз қандай болады? (Астана – бас қала)
Сабақтың мақсаты: бүгін сабақта Астана қаласымен танысып, қала туралы мәлімет алу.

III. Астана – фотоальбом көру. Күйді тыңдау.

– Астана десе ойыңызға не түседі?

– Қаланы аралап көргілерің келе ме?

– Ендеше, бәріміз бірге Астана қаласына саяхат жасайық (Слайдтар).

– Ал, енді осы көргенімізді мәтінмен толықтырайық.

IV. Мәтінмен жұмыс: мәнерлеп оқу. 42-бет, 4-сынып оқулығы.

V. Сөздік жұмысы.

«Ой қорыту». 7 сұрақ:

1. Қазақстанның астанасы қай қала?

2. Астана қайда орналасқан?

3. Астанада нелер бар?

4. Астана мемлекеттің қандай орталығы?

VI. Сергіту: интерактивтік тақтаға қарап, би, музыка арқылы сергіту сәтін өткізу.

VII. Дәптермен жұмыс: деңгейлік тапсырмалар.

III деңгей. 1-тапсырма. Сөздерді қазақ тіліне аударып, сөз тіркесін табу:

новая столица ғимараттар

расположен қонақтар

промышленность орналасқан

здания жаңа астана

гости кәсіпорын

II деңгей. 2-тапсырма. Дұрыс сөйлем құрастыру:

1. Астана, қала, жас.

2. Астана, облысында, орналасқан, Ақмола.

3. Астанада, орындары, көп, өндіріс.

4. Астанаға, қонақтар, келеді, көп.

I деңгей. Бес жолды өлең құрастыру:

1) 1 зат есім.

2) 2 сын есім.

3) 3 етістік.

4) 4 сөзді сөйлем.

5) синонимін табу.

Грамматикалық тапсырмалар.

Септік туралы айту.

1-тапсырма. Сөздерді септеу (Топтық жұмыс).

1-топ: қала.

2-топ: елорда. Тақтада (Ғимарат).

2-тапсырма. Сөздерді тәуелдеу:

1-топ: Қонақ.

2-топ: Астана. Тақтада (Жер).

IX. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны.

1. Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Көкшетау. (...).

2. Астана – болашағы үлкен қала. (...).

3. Астана Ертіс жағасында орналасқан. (...).

4. Астана – мемлекеттің саяси, экономикалық, мәдени орталығы (...).

5. Астана Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан (...).

6. Астананың символы – Бәйтерек монументі (...).

X. Дәптерімізді ашып, үй жұмысын жазамыз:

1. Үйге: «Астана» мәтінін мазмұндау.

2. Астана туралы өлең тауып, жаттау.

Қамажай ҚЫДЫРӘЛИЕВА,
О.Жандосов атындағы
орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Жандосов ауылы.

БІЗДІ ОЙЛАНТЫП КӨКТЕМ КЕЛДІ

Мақсаты: көктем белгілері мен көріністері жайлы түсінік беру. **Міндеттері:** мәнерлеп оқуға, өз ойларын қорытып айтуға төселдіру. Адамгершілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. Табиғатты қорғай білуге баулу.

Көрнекілік: оқулық, көктем мезгілінің түрлі-түсті суреттері, интербелсенді тақта. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, іздену, өзіндік, топтық жұмыс. **Түрі:** аралас сабақ, сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа әзірлік.

- Балалар, бүгінгі күн қандай тамаша! Бәріміз бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап, шаттық шеңберін құрып, бір-бірімізге, қонақтарға тілек білдірейік!

Мейірімді жүрекпен,
Ақ пейілді тілекпен,
Амандасып алайық,
Бір жадырап қалайық!

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- Балалар, көктемде табиғат, жануарлар оянып, құстар жылы жақтан ұшып келеді. Мен сендерді бүгін үш топқа бөліп, үй жұмысын тексеремін.

I топ – «Табиғат». «Атай» өлеңін мәнерлеп оқу.

II топ – «Жануарлар әлемі». Көктем суретін салады.

III топ – «Құстар». Өлеңнің мазмұнын талдайды.

III. Өткенді пысықтау.


Сұрақ-жауап.

I топ Ә.Дүйсенбиев туралы айтып береді.

II топ Көктемгі еңбек түрлерін еске түсіреді.

III топ Амангелді батыр кім? деген сұраққа жауап береді.

IV. Мақсат қою кезеңі:



V. Жаңа сабақ: Мүбәрак Жаманбалин. Мұзафар Әлімбаев өмірбаянымен таныстыру. Шығармаларын атау.

Кітаппен жұмыс.

Мүбәрак Жаманбалин өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіру. Өлеңге ат қою. Тағы да қандай дыбыстар, қимыл-қозғалыстар қосуға болады? Өлеңді тізбектей оқыту.

Мұзафар Әлімбаев. «Көктем келді». Өлеңді мәнерлеп оқытып, көктемгі белгілерді атау. Өлеңнің мазмұнын түсіндіре отырып, іштей оқыту.

- Енді екі өлеңнің мазмұнын оқи отырып, Венн диаграммасы бойынша салыстырамыз.

Сөздік жұмыс:

Жон арқанды – арқа, жота;

Көк кілем - жер бетіне шөптер шықты;

Аппақ тонын жер шешті – қар еріді.

Осы сөздерді тағы қандай сөздерге пайдалануға болады? Сөйлем құрастыру.

Сергіту сәті: Табиғат туралы слайд көрсету.

VI. Түсінгендерін тексеру.

«Сағынған көктемім!» тақырыбына үш топ әңгіме құрастырады.

I топ бастайды, II топ жалғастырады, III топ қорытындылайды.

VII. Бекіту. «Сөзден сөз құрау» ойыны. Топ басшылары тақтаға шығып, берілген сөздерден сөз құрайды.

Табиғат	Жануарлар	Құстар
таға	ануар	құс
ат	ана	ұста
бата	ару	қар, т.б.

VIII. Үйге тапсырма: мәнерлеп оқу.

ТІЛІ ТӘТТІ АЛТЫН КҮЗ

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: ел өмірінде алтын күздің алар орыны, ерекше сипаты мен қасиеттері жөнінде түсінік беру. **Міндеттері: білімділік** – оқушыларға күз туралы мағлұмат бере отырып, сөйлеу тілдерін, сөздік қорларын байыту. Берілген сұраққа жауап беруге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сабаққа деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ұйымшылдыққа, әдептілікке, әсемдікке, табиғатты сүйе білуге шақыру.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап, СТО элементтері. **Көрнекілігі:** «Күз» тақырыбына арналған сурет, жемістер муляжы, кеспе қағаздар. **Түрі:** ойын сабағы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу;

ә) Сабақтың мақсатын айту.

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы – «Алтын күз», сондықтан сабақ тақырыбына байланысты жаңа сөздермен танысамыз. “Қай? Қандай?” деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге жаттығамыз.

II. Үй жұмысын тексеру.

а) сөздерді жатқа айту.

ә) «Күзгі жапырақ» өлеңін мәнерлеп оқу.

III. Жаңа сабақ.

- Қазір қай жыл мезгілі?

- Күз айларын атаңдар?

- Күзде күн қандай болады?

IV. Кластер құрастыру.

- Сонымен, балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы бойынша жаңа сөздермен танысамыз.

V. Жаңа сөздер:

Сарғайды - пожелтели;

Ұшып кетті - улетели;

Пісті - созрели;

Жылы жаққа - в теплые края.

Атқарылар іс-шара:

а) жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазыңдар;

ә) Жаңа сөздермен сөз тіркесін, шағын сөйлем құраңдар.

VI. Жаңа сабақты түсіндіру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Күзде күн суытады, жаңбыр жиі жауады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ағаштың жапырақтары сарғайды. Сондықтан бұл мезгілді «Алтын күз» деп атайды.

VII. Тапсырмалармен жұмыс. 2-тапсырма. Мәтінді оқу, аудару.

Күз келді. Күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша. Ағаштардың жапырақтары сарғайды. Құстар жылы жаққа ұшып кетті. Балалар мектепке барды. Сабақ басталды. Бау-бақшада

жемістер мен көкөністер піседі. Күзде жұмыс өте көп.

VIII. Есіңе сақта!

Жеміс пен көкөністерді жуып жеу керек.

Фрукты и овощи перед едой нужно мыть!

IX. Сергіту сәтті.

Алма, алма көп алма,

Қызыл, сары көп алма.

Теріп, алып келейік,

Атамызға берейік.

X. Дәптермен жұмыс.

Көркем жазу. Ққ Ққ Ққ Ққ Ққ Ққ Ққ Ққ Ққ

Қызыл, қоңыр, қыркүйек, қазан, қараша.

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Күз Бақшада....пісті. Біздің бақта алма, алмұрт, жүзім, шие Оны жинауға....келдік. Біз үлкендерге

Керекті сөздер: *келді, көп, жидек, көмектестік, бәріміз.*

XI. Оқулықпен жұмыс.

Ойын. «Сен білесің бе?».

5-тапсырма. Сұраққа жауап бер:

- **Бұл қай жыл мезгілі?**

- Бұл – күз.

- **Күз айлары қандай?**

- Қыркүйек, қазан, қараша?

- **Балалар мектепке қай айда барады?**

- Балалар мектепке қыркүйек айында барады?

- **Күзде күн қандай болады?**

- Күзде күн салқын болады.

- Күзде қандай жемістер піседі?

- Күзде алма, алмұрт, анар піседі.

Ойын. «Адасқан әріптер».

Мынау әріптермен жаңа сөздерді жасап айт.

ОМЖЫПАРҚА, ЕСТЕРІЖМ, КӨТЕРНІСКӨ,

АПЫРҚЖА.

XIII. Оқу журналы.

Нені білемін?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?
Күзде күн суық.	Күзде жұмыс көп.	...
Күзде жиі жаңбыр жауады.	Күзде мектепте сабақ басталады.	
Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша.	Жемістер, көкөністер піседі, ағаштардың жапырақтары сарғаяды, сондықтан күзді «алтын күз» деп атайды.	

XIV. Рефлексия.

1. Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

2. Сабақта қандай сөздермен таныстыңдар?

3. Не үйрендік?

XV. Үй жұмысы: а) сөздерді жаттау, ә) сұраққа жауап беру.

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың жуан және жіңішке айтылатын сөздер туралы түсініктерін кеңейту. **Міндеттері:** өз ойларын ашық айта білуге үйрету. Ой-өрісін, сөздік қорларын және есте сақтау танымдық қабілеттерін дамыту. Әдемі, көркемдеп жазуға баулу. Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Адамгершілікке, ізеттілікке, білімді болуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, қима қағаздар.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, тапсырмалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушыларды түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

II. Психологиялық дайындық.

Ұранымыз – жақсы оқу, үлгілі болу.

Мақсатымыз – еңбектену, бестік бағаға қолды жеткізу.

- Жарайсыңдар, балалар, олай болса бүгінгі біздің сабағымызға көптеген қонақтар қатысып отыр.

Осы қонақтарға біз бар білімізді көрсете аламыз ба?

- Әрине, көрсетуге дайынбыз.

- Ендеше, сабағымызды бастайық. Мен сіздерге төмендегідей бірнеше сұрақтар қойғым келіп отыр:

1. Қазақ тілінде неше әріп бар?

2. Оның нешеуі дыбыс, нешеуі белгі?

3. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

4. Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

Оларды ата? (а, ә, е, о, ү, ұ, ө, ы, і, и, ю, я, ё, э, у).

5. Жуан дауысты дыбыстарды ата? а, о, ы, ұ.

6. Жіңішке дауысты дыбыстарды ата? ә, е, ү, і, ө.

7. «У» қандай дыбысқа жатады?

8. Я, Ю, Э қандай дыбыстар? (қосарланған дыбыстар).

- Жарайсыңдар, балалар, біз бүгін жуан және жіңішке дауысты дыбыстарға байланысты көптеген сөздерді үйренеміз және тапсырмаларды орындаймыз.

1-тапсырма. «Қай әріпті жоғалттым?» ойыны.

Т...рғай, ағ...ш, сызғ...ш, әр...п, еңб...к, д...птер.

- Осы жерде, балалар, ережені еске түсіріп алайықшы. Сөздегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз жуан айтылады. Мысалы: торғай, ағаш.

Ал, сөздегі дауысты дыбыстар жіңішке болса, онда сөз жіңішке айтылады.

- Ал, енді, жаңағы бірінші тапсырманы кім қорғайды?

- Жарайсыңдар, балалар. Ендеше, екінші тапсырмаға көшейік. Бұл тапсырма топтық жұмыс болады. Бәріміз біріге отырып, ойласып орындаймыз.

2-тапсырма.

Мына сөздердің қайсысы жуан айтылады, қайсысы жіңішке айтылады? Жуан айтылатын сөздерді бірінші бағанға, жіңішке айтылатын сөздерді екінші бағанға бөліп жазамыз.

Ауыл, бесік, ойын, мақта, кесте, тақта, перде, еден, қалам, қолғап, желім, сабақ, өзен.

Жуан

Жіңішке

III. Сергіту сәті.

Жаза, жаза жазуды

Талып кетті-ау көзіміз.

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш,

Жалқаулықты тастайық,

Талапты бола бастайық.

- Тамаша, балалар, сабағымызды әрі қарай жалғастыруға дайынбыз ба?

- Дайынбыз.

- Олай болса, бізге берілген үшінші тапсырма да – топпен орындалатын тапсырма, бәріміз ұйымдасып, ойласа отырып орындайық.

3-тапсырма. Буындардан сөз құрау.

I топқа – *жемістер*.

Ал – ша, жү – зім.

II топқа – *төрт түлік*.

Жыл – қы, еш – кі.

III топқа – *адам аттары*.

Ай – ша, Зе – ре.

I топқа – *оқу құралдары*.

Сыз – ғыш, дәп – тер.

II. Көркем жазу минуты. Оқушыларға көркем жазу дәптерлеріне жазу үлгісін жазғызу.

4-тапсырма. Сәйкестендіру тестісі.

Берілген сөздердің қосымшаларын схема сызықтар арқылы табу.

I топ:

өзен	→	лар
қой	→	ді
кел	→	ге
бала	→	ды

II топ:

Әже	→	ға
Күн	→	дар
Қыз	→	ге
Сиыр	→	ні

III топ:

Күн ға

Сықыр тер

Түс лап

қар ге

II топ:

Қыс ден

Шана ті

Төбе та

Теп ны

5-тапсырма. Сөйлем құрау. Суретпен жұмыс.

I топ.

«дәптер»

II топ.

«парта»

III топ.

«қалам»

IV топ.

«терезе»

6-тапсырма. Қорытынды.

Оқушылардың барлығына жуан және жіңішке сөздер жазылған таратпалар беріледі. Сол сөздерді оқушылар оқып, талдап, жуан дауысты дыбыстар ауылы, жіңішке дауысты дыбыстар ауылы болып екі топқа бөлініп, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады. Сырғанақ, әже, апай, сынып, немере, қар, балалар, бесік, гүл, ара, өзен, кеме, ошақ, терек, қайық, балық, шана, түлкі, орман, торғай, шағала, емші. Бұл сөздердің екінші бетінен «жуан айтылатын сөздер», «жіңішке айтылатын сөздер» арқылы оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендерін білдіреді.

Несип ҚАМАРОВА,
Алматы қаласындағы
№102 орта мектептің
мұғалімі.

11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- Нақыл сөз.
«Білмеген – ұят емес, білгісі келмеу – ұят».
а) Ф.Бэкон; ә) Л.Н.Толстой; б) Сократ;
в) Н.А.Рубакин; г) М.Әуезов.
- «Көп білгенге мәз болу – қате.
Білімнің саны емес, сапасы маңызды»
а) М.Әуезов; ә) А.Байтұрсынұлы;
б) Л.Толстой; в) Ы.Алтынсарин;
г) Б.Майлин.
- Нақыл сөз. «Адам кеудесінде жаны барда
Отан үшін шайқасуға тиіс»
а) Б.Момышұлы; ә) Ә.Науаи;
б) М.Шолохов; в) М.Әуезов;
г) А.Байтұрсынұлы.
- «Тіл туралы» заң қай жылы қабылданды?
а) 1990; ә) 1991; б) 1989; в) 1992; г) 1988.
- Әбу Насыр әл Фараби қай жылдары өмір сүрген?
а) 880-957; ә) 870-950; б) 790-860;
в) 871-951; г) 880-955.
- Ш.Уәлихановтың қайтыс болғанын Шыңғыс
сұлтанға кім естіртеді?
а) Төле би; ә) Атығай Келдібек; б) Әділбек;
в) Әйтеке би; г) Қазыбек би.
- Мына сөздерден тұрақты сөз тіркесін тап:

- а) Таза киім; ә) Әдемі киім;
б) Әдепті оқушы; в) Үлкеннің ісі;
г) Тайға таңба басқандай.
- ҚР-ның тұңғыш Президенті қай жылы
сайланды?
а) 1900; ә) 1989; б) 1991; в) 1993; г) 1995.
- Республика астанасы қай жылы Астанаға
көшірілді?
а) 1995; ә) 1986; б) 1997; в) 1998; г) 1994.
- Біліміден шыққан сөз. «Адам баласы адам
баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен
озады».
а) Абай Құнанбайұлы; ә) Бейімбет Майлин;
б) Ғабит Мүсірепов; в) Сәкен Сейфуллин;
г) Ілияс Жансүгіров.
- Біліміден шыққан сөз.
«Қуанышта, қиындықта, ашуда, қайғыда
ұстамды бол».
а) Ы.Алтынсарин; ә) А.Құнанбайұлы;
б) М.Қашқари; в) Шәкәрім Құдайбердіұлы;
г) А.Байтұрсынұлы.
- «Атамекен» әнінің сөзін жазған кім?
а) Ш.Сариев; ә) І.Жақанов; б) Қ.Мырзалиев;
в) Е.Хасанғалиев; г) Е.Рахмадиев.
- Абылай хан қай жылдары хан болған?
а) 1511-1524; ә) 1598-1628; б) 1771-1781;
в) 1580-1598; г) 1780-1800.
- Сөйлемнің баяндауышын тауып, астын сыз.
Жиреншенің аты желіп өтеді.
- Өлеңнің авторы кім?
Оқу – білім қазығы, Адамның азығы.
Оқу – өмірдің сәні, Тіршіліктің шамы.

- а) Абай; ә) С.Сейфуллин; б) М.Әуезов;
в) Ы.Алтынсарин; г) А.Байтұрсынұлы.

16. «Ударение» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы қалай?

- а) Ырғақ; ә) Буын; б) Екпін; в) Саз; г) Әуен.

17. Берілген сөйлемнен сын есімді тауып, астын сыз.

Мен өркөкірек, сөзқұмар адамды ұнатпаймын.

18. Берілген сөйлемдегі қос сөздердің астын сыз.

Қазақ тілінде «таза адам» деген сөз үсті-басының тазалығымен бірге, ар-ұятының тазалығын да көрсетіп тұрады.

19. Табыс септігінің жалғауын тап:

- а) -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің;
ә) -ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не;
б) -ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні;
в) -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен;
г) -да, -де, -та, -те, -ында, -інде.

20. Қанатты сөз. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады».

- а) Ш.Айтматов; ә) Ж.Аймауытов;
б) Ш.Құдайбердіұлы; в) А.Құнанбайұлы;
г) Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.

21. Синоним сөздерді табу:

- а) Белгілі, белгісіз; ә) Данышпан, кемеңгер;
б) Ұқыпты, салақ; в) Аяқ кезі, бас кезі;
г) Ол түс көрді, балам, арбадан түс.

22. Берілген сөздерден сөйлем құра:

Оңай, үйді, жығу, киіз, де, да, оңай, тігу.

23. Берілген сөйлемнен жалпылауыш мүшенің астын сыз:

Мысалы: Астана, Алматы, Шымкент, Павлодар, Қарағанды, бәрі де – Қазақстанның ірі қалалары.

24. Көп нүктенің орынына керекті сөзді қой:

Еңбек - ширатады, өмір...

- а) оздырады; ә) үйретеді; б) береді;
в) ашады; г) сүреді.

25. Сөздердің антонимдік сыңарын жаз:

- а) Сұйық – ә) Өтірік – б) Көп –
в) Қиын – г) Ашты –

26. «Түйін» сөзінің орыс тіліндегі аудармасын тап:

- а) Автобиография; ә) Характеристика;
б) Резюме; в) Расписка;
г) Заявление.

27. Көп нүктенің орынына керекті сөз тіркесін қой:

Қонақтарға тартылды

- а) Дастархан; ә) Құрмет;
б) Сыйлық; в) Сый; г) Сый табақ.

28. Өлеңнің авторы кім?

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің тәңірі берген нәсібі ғой.

- а) М.Дулатов; ә) С.Сейфуллин; б) М.Жұмабаев;
в) А.Байтұрсынұлы; г) Ж.Аймауытов.

29. Авторы кім?

«Мұратыңа жеткенше,

Дос-дұшпанға сыр берме»

- а) Қазыбек би; ә) Төле би; б) Әйтеке би;
в) Б.Момышұлы; г) М.Қашқари.

30. Синоним сөздерінің қатарын жаз:

- а) Ғажайып – ә) Жүйрік – б) Қу –
в) Тұқым – г) Шошу –

Жанаркүл ҚОШАМЕТОВА,
№1 Д.А.Қонаев атындағы
№1 жалпы білім беретін ауылдық
гимназия-мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Қордай ауданы,
Қордай ауылы.

ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ АСЫҚ ОЙЫНЫ

Сабақтың мақсаты: ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылығын ояту;
Міндеттері: білімділік – жаңадан меңгерген сөздерді есте сақтап, сөйлемде дұрыс пайдалану, ойлау мен сөйлеу қасиеттерін дамыта отырып, өз пікірлерін айта білу; **дамытушылық** – логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту, қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу, қазақ халқының брендтерін сақтап, әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу, халықтық дәстүрді сыйлауға, туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: ертегі ойын сабақ. **Көрнекілігі:** «Ер Төстік» ертегісі, интербелсенді тақта, ватман-плакат, суреттер.

Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет.

Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру кезеңі:

1) Сәлемдесу; 2) Кезекшімен сұхбат.

2. Үй тапсырмасын сұрау:

1) Қандай ұлттық спорт ойындарын білеміз?

(Бәйге, көкпар, қыз қуу, және т.б.).

2) Балалар қандай ұлттық ойындарды ойнайды?
(«Соқыртеке», «Ақ серек, көк серек», «асық», «хантаалапай», т.б.).

3. Жаңа сабақ.

- Балалар, қасиетті далада Шығыс пен Батыс ғажайып нұрын шашқан көшпенді қазақ халқының мәдениеті, әдет-салты, ұлттық ойындары қалыптасты. Нәресте дүниеге келгеннен бастап жасалатын салт-дәстүрлер бар. Олар: шілдеhana, бесік той, сүндет той. Осы тойлардың бәрінде ұлттық ойындар ойналатын. Қазақ халқы ұлттық ойындарында, көбінесе, малдың сүйегін, қойдың құмалағын пайдаланды. Ойындар еңбектенуге, ойлауға, тапқырлыққа, шешенділікке, мергендікке негізделген.

А	Л	Т	Ы	Б
Қ	П	С	Д	А
С	А	Қ	А	Қ
Ү	Р	Г	С	А
Й	Н	Ш	Ы	Н
Е	Ш	Н	Қ	К
К	Ө	К	С	Е
С	О	Қ	Ы	Р
Е	К	Е	Т	Е
Н	О	А	Л	К

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: Ұлттық ойындардың бірі – «Асық ойнау».

Бүгінгі біздің сабағымыз ерекше. Өйткені бұл сабақ «Ер Төстік» ертегісінің желісімен өтпек.

Кел, тыңдайық ертегі,

Естіген елді елітеді,

Талай-талай оқиға

Тарих сырын шертеді.

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты, төрт түлік малы сай болыпты. Оның сегіз ұлы болыпты. Бір жылы үлкен жұт болыпты. Ел малын алысқа айдап, шүйгін шөп пен мөлдір су іздеп кетіпті. Солардың ішінде Ерназардың сегіз ұлы да бар екен. Бір қыстың азығын дайындатып алып, Ерназар мен кемпірі үйінде қалыпты. Балалары сол кеткеннен мол, хабарсыз кетеді, айлар өтеді – келмейді. Ерназардың үйінде азық қалмайды. Бір күні кешке кемпірі түндікті ашады. Шал шаңыраққа керіліп ілулі тұрған биенің төстігін көреді.

- Кемпір, сүйінші! Кер биенің төстігі бар екен, соны ас жылдам,-дейді.

Төстікті жегеннен кейін кемпір мен шал әлденеді. Көп ұзамай кемпір жүкті болып ұл табады, оның атын Төстік деп қояды.

Төстіктің тапсырмасы: Ой қозғау.

Асық туралы не білеміз?

Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Төстік бір айда бір жастағы, екі айда екі жастағы, бір жылда он бестегі жасөспірімдей бала болады. Аң аулап, құс атып, әкесі мен шешесін асырайды.

Бір күні ол ауыл ішінде ұшып жүрген тарғақты атып, артынан қуғанда, өрмек тоқып отырған кемпірдің жіптерін үзіп кетеді. Сонда кемпір:

- Босқа жүріп торғай атқанша, тентіреп кеткен сегіз ағанды іздемейсің бе? – дейді. Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп әлгі кемпірдің баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала талып қалады. Кемпір тағы да ұрсып шығады: - Менің жалғыз балама тиіскенше, айдалада өлген бауырларыңның қураған сүйегін тауып алмайсың ба? – дейді.

Мәтінмен жұмыс: оқимыз, тыңдаймыз, сұрақтарға жауап береміз. «Танымпаз оқушы» ойыны.

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Әкесі мен шешесіне аң мен құстың етін қақтап үйіп береді. Төстік ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Бір күні бір елге жолығады.

Елдің тапсырмасы: Диалог бойынша өзара сөйлесу:

- **Асық ойынын кімдер ойнайды?**
- Асығы бар балалар ойнайды.
- Неге тек асығы бар балалар ойнайды?
- Өйткені, ойынның мақсаты – ұтып алу.
- Асықты қыздар ойнай ма?
- Жок, қыз балалар ойнамайды.
- Асық ойнаушылардың саны қаншаға жетеді?
- Төрттен сегізге дейін.
- Онда ойнау үшін мен асық жинауым керек екен.
- Иә, әрине.

Ол ел ас беріп жатыр екен. Сол кезде «Ерназардың сегізіне тарт» дегенді естіп, сол үйден бауырларын тауып қауышады.

Ерназар балаларының аман-есен оралғанына той береді. Одан кейін оларға бір үйдің тоғыз қызын іздейді. Еш нәрсе таппай, бір ауылдың шеткі үйіне кірсе, кіре берісте сегіз сырға ілулі тұр екен. Соны көріп, жылайды. Неге жылап отырсыз?- деп сұрағанда тоғыз ұлына тоғыз қыз іздеп жүргенін айтады.

Есімдік дегеніміз не? Мағынасына қарай неше түрі бар?

Жіктеу есімдігі дегеніміз не? Сілтеу есімдігі дегеніміз не?

Белгісіздік есімдігі дегеніміз не? Сұрау есімдігі дегеніміз не? Жинақтау есімдігі дегеніміз не?

Сонда үй иесі жұбатып, тоғызыншы қызының бар екенін айтады. Сөйтіп, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады. Ерназар ұлдарын ертіп, келін алуға сапарға шығады. Келіндерінің ауылында отыз күн ойын, қырық күн тойын тойлайды.

Тақтамен жұмыс: Перфокартаны толтыру

Сөзтіркестер	Жіктеу	Сілтеу	Белгісіздік	Сұрау	Жинақтау
Кім ойнайды?					
Өзінің асығы					
Бәріміз әкелейік					
Мен ойнаймын					
Ешкім білмейді.					

- Енді, Ерназар еліне қайтпақшы болады. Қыздардың әкесі еншілерін беріп, көп жасаумен бірге жылқының ішінен Шалқұйрық деген атын, түйенің ішінен Құба інгенін, жасаудан Ақсырмалы сауытты беріп ұзатады. Бірақ Сорқұдыққа тоқтамауын сұрайды, кесір болады дейді. Екінші күннің кешіне қарай жерді тұман басады, олар Сорқұдыққа келеді.

Сол жерге тоқтап, киіз үйлерін тігеді. Ертеңгісін тұрса, түйеден Құба інгені жоқ болады. Ерназар соны іздеуге шығады. Түйе сайға түсіп, бір көкпекке оралып қалған екен. Қасына келсе, жанында бір тал бар екен, оның түбінде бір жаман кемпір отыр.

- Шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалған жіберші,- дейді Ерназар.

Кемпір сонда:

- Тұрсам – отыра алмаймын, шырағым, отырсам – тұра алмаймын, әперуге әлім жоқ, нашар адаммын,- дейді.

Кемпірдің сөзіне нанып, бұйданы іліп алайын

дегенде, кемпір шап беріп Ерназарды қылқындырады. Ерназар мал-мүлкінің барын береді, бірақ кемпір жібермейді.

Кемпірдің тапсырмасы: Дәптермен жұмыс. Сөйлемдерді көшіріп, тәуелдік, септік жалғауларын анықта.

Ақпанның сегізі.

Сынып жұмысы.

Асық ойыны.

Тәуелсіздік мерекесінің 20-жылдығына қарай Қызылорда қаласында асық федерациясының жарысы өтті. Жарыс 3 турда өтіп, 125 баладан 10 бала жеңімпаз атанды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен бірге «Алтын сақа» кубогымен марапатталды.

Сонда ол ең кенжесі Ер Төстікті берем деген кезде оны босатады. Ерназар Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуін мыстан кемпірге тастап кетеді. Кенже келіні Кенжекей оны естіп, Ер Төстікке айтады. Төстік егеуін алу үшін қайтадан Сорқұдықтың басына қайтады. Кенжекей Төстіктің аяғына Ақсырмалды, астына Шалқұйрық деген атты мінгізеді. Төстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

- Төстік батыр, енді екеуіміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да, бірдей көреміз. Мені тыңда. Сенің егеуіңнің қасында мыстан кемпір отыр, сен егеуіңді ала бергенде сені ұстап алмақ. Қасына жақындағанда оны алдайтын амал тап. Мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін, сен егеуіңді іліп ал да жөнел, бірақ артыңа қараушы болма.

Көп уақыт жүргеннен кейін Төстік егеу жатқан жерге келеді. Төстік жақындай түсіп: «Анашым,

артыңдағы қыздардың бәрі өзіңдікі ме?» - дейді. Кемпір артқа қарағанда Шалқұйрық сәл шөккен сәтінде Төстік те егеуді іліп алып жөнеледі. Төстік қашып, кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, жер қақ ортасынан айырылады.

Жердің тапсырмасы: Асықты піріп тастағандағы жатысы бес түрлі аталады:

1. Ең сәтті тұрғандағы атауы – «алшы» /барлығын бірден ұтасың/.
2. Төңкеріліп тұрғаны – тәйкі/тәуекел мағынасында)
3. Етбетінен жатқаны – «бүк» /бүк түсіп жату/.
4. Шалқасынан түскені «ішік» /іші көрініп жатуы/.
5. Егер еңкейіп, тұмсығымен тік қадалса – «омпа» /омақаса құлаған /.
6. Таза тұрмай - алшы тұрғаны қисайып, не тәйкі қисайып тұрса «қырда», дау туғызатын /қырынан жату/ деп аталады.

Тренинг. «Мен өзімді сондай жақсы көремін.

Сол арқылы сені де жақсы көре аламын.

Сонда сен де өзінді жақсы көресің,

Сонымен қатар, мені де жақсы көре аласың».

Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді. Шалқұйрыққа тіл бітіп:

- Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады.

Біраз жүргеннен кейін жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қалдырып, өзің кіресің. Алдыңнан екі қара шұбар жылан шығады, олар – Бапы ханның күзетшілері. Төр алдына бара бергенде, екі сұр жылан ысылдап келіп жеңіңе кіріп, қойыныңнан шығады, сескенбе. Бұлар – Бапы ханның ұлы мен қызы.

Төрге отыра бергеніңде дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, олардан да қорықпа. Олар – жылан Бапы ханның өзі мен әйелі.

Егер қорықсаң, сені Ер Төстік демейді, жер астының еліне қадіріміз болмайды.

Жылан Бапы ханның тапсырмасы: Асық атаулары:

1. Құлжа деген қандай асық? (арқардың аталығының асығы).
 2. Сақа деген қандай асық? (арқардың асығы).
 - 3.. Жабайт – еліктің асығы.
 4. Асық – қой мен ешкінің асық жілігінен алынатын сүйек.
 5. Шүкімайт – қозы мен лақтың асығы
- Бәрі де Шалқұйрық айтқандай болады. Жер астындағы ел Төстіктің ерлігіне риза болады. Ер Төстік жылан Бапы ханның елінде ұзақ өмір сүреді. Жылан Бапы ханның Темір хан деген араз ханы бар екен. Темір ханның қызын алып келуге жылан Бапы хан Ер Төстікті жібереді. Егер Темір ханның қызын алып келсе, өзінің қызын қосып, жер үстіне жол көрсетемін деп уәде береді.*

Темір ханның тапсырмалары:

V. Асыққа байланысты ырымдар:

- 1) Келінінің аяғы ауырлап, босануға тақағанда, енесі не атасы ырымдап, асық жинап жүреді. Атаның «Құдай ұл берсе» деп тілегені. Оны жасырып, оңаша келінге сездірмеуі мүмкін. Ондағы ойлары көз тимесін, келін аман-есен босанса екен деп тілек тілеуінің бір тәсілі.
- 2) Ер баланың бесігіне қасқырдың асығын, тырнағын тағуы мүмкін, ауырмасын, көз тимесін және айбатты, қайтпас қайсар болсын

дегені. Қыз баланың бесігіне – еліктің асығын, әдемі, сұлу, ел қызығар көркі болсын дегені.

3) Ерте кездегі табиғаттың қатал, аңдардың олжаға оңай ілікпейтіндігін, аңшының адал еңбегі, ер азаматтың қайраты мен жау жүректілігі екендігін жақсы білеміз. Сондықтан да аңның асығы қадірлі болады. Темір ханның тапсырмаларының бәрін орындағаннан кейін, айласы жоқ Темір хан қызын Ер Төстікке қосып, жылан Бапы ханның еліне шығарып салады. Жылан Бапы хан Ер Төстікке риза болып, қызын беріп, қаншама жолдас қосып, жер үстіне шығатын есікке дейін шығарып салады. Жер үстіне жету үшін алты айлық жол екен. Жолдың ауырлығына шыдамай, жылан Бапы ханның қызы және жолдастары қайтыс болады, жалғыз Күнке деген бір күңі мен Шалқұйрық, Ер Төстік үшеуі ғана қалады. Үшеуі шаршап, бір бұлақтың басына келіп жатады. Бұлақтың басында бір үлкен бәйтерек тұрады. Бір мезгілде сол бәйтеректің басынан шуылдаған зарлы дыбыс естіледі. Қараса, шуылдаған балапандар екен.

Балапандардың тапсырмасы: Проблемалық сұрақ: 1) Асық ойнау ойыны қашан пайда болды? (Ер төстік ертегісі халық ауыз әдебиетінен тараған, сондықтан да асық ойынының ғасырлар қамтитын тарихы бар.

2) Ер Төстік асық ойнап жатқанда кемпірдің баласын не үшін ұрды?

(Өйткені ол ойынның қызығына түсіп, байқамай қалды, не ол ойында оған ұнамаған қылық жасады, содан ол шыдамай ұрып жіберді).

Ер Төстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың дәл екі көзінің арасынан дәлдеп тартып

қалады, айдаһар жерге сылқ ете түседі. Балапандар оны көріп, шуылын тоқтатады. Ер Төстік шаршап, көзі ілініп кетеді. Оянса қатты дауыл тұрған екен, дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, соның артынан көп ұзамай бір алып құс көрінеді. Бұл алып қара құс – самұрық екен. Самұрықтың үлкендігі сондай, жайып жібергенде бір қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді екен. Самұрықтың екі басы бар екен: бір басы адамдікіндей, бір басы құстікіндей. Самұрықтың адам басымен Ер Төстік жөн сұрасып, балапандарын айдаһардан құтқарғанын айтады. Самұрық құс жылына бір-ақ рет балапандайды екен. Балапандарына жем іздеп алысқа кеткенде Ер Төстік өлтірген айдаһар балапандарын жеп қояды екен. Балапандарының амандығын ойлап жылағанда, жаңбыр жауып, ұшқанда қатты жел соғатыны осыдан екен. Айдаһардан бір жола құтқарғаны үшін Самұрық құс кез келген тілегін орындайтынын айтады. Ер Төстік жылдам еліне, жеріне жеткізуін сұрайды. Алып құс қанатына Ер Төстікті, Шалқұйрықты, Күнкені тар тесіктен өткізіп, жер үстіне шығарады. Ер Төстік пен Кенжекей қауышады. Бәрі де баяғыдағы айырылған күндегі қалыбына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік – жас жігіт, Кенжекей – жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық – бестегі ат қалтына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір сүріп, мақсаттарына жетеді.

Қорыту: 1) Нені білемін? 2) Не туралы білдім? Нені үйрендім? 3) Нені білгім келеді?

Бағалау.

Үйге тапсырма беру: 5-6 сөйлемнен тұратын эссе жазу.

Айтолқын МЕНДЕКЕЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар ауданындағы
Налобин орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖҮЙЕЛІ СӨЙЛЕУГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ

Ойынның мақсаты: 1) жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған аға-ұрпақ өкілдерінің еңбектерінен оқып үйрену, тіл тарихына шолу. Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін таныстыру; 2) қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оқушыларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу; 3) Қазақстанда өмір сүретін халықтардың әдет-ғұрып тарихын, тілін қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін бірлігімізді нығайту – басты борышымыз екенін ұғындыру. Еліміздегі халықтар достығын, бірлігін нығайту.

Түрі: дәстүрлі емес, сайыс сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта. Презентация.

Ойынның барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1998 жылдың 20 қаңтарындағы Жарлығына сәйкес 22 қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдері» күні ретінде аталып келеді.

2-слайд. Бүгінгі сайыс сабағымыздың эпиграфы –

«Тілден артық қазына жоқ,
Тілден артық қасиет жоқ». (Н.Ә.Назарбаев).

Осыған орай «Халықтар достығы» атты ойынымызды бастайық.

4-слайд. 2003 жылы Астана қаласында «Халықтар достығы» монументі ашылды. Монументтің сипаттамасы.

5-слайд. Монумент представляет собой чашу, бассейн с фонтанами, в центре которого на постаменте расположена бронзовая скульптура из трех пересекающихся фигур высотой 8 метров.

По замыслу автора взаимосвязанные ветви символизируют сплетение, пожатие рук, узы дружбы, клятву в защите друг друга, мир и согласие. В топологической науке встречаются узлы, называемые «клеверными листьями». Эти взаимно перетекающие три рукава, не имеющие начала и конца, означают долгую жизнь, бесконечность, счастье и благополучие.

Рядом со скульптурой задуман «лес» фонтанов, каждый фонтан расположен на пересечении небольших гранитных плит.

Это фонтаны, символизирующие этносы и народы Казахстана.

«Многозначность композиции, глубокий философский смысл, загадочность сплетений рук, ровные ряды бьющих фонтанов должны вызвать у зрителя ощущение радостной устремленности ввысь, желание изменить жизнь к лучшему, жить в дружбе и согласии», - таково мнение автора проекта. В дни праздников фонтаны работают «бегущей

волной» со звучанием музыки и красивой подсветкой внизу.

6-слайд. Осындай фонтан Мәскеу қаласында да бар. Бұл фонтанның да аты – «Халықтар достығы». Бұл фонтан Кеңес үкіметі кезінде одаққа кірген 15 мемлекеттің достығына орнатылған.

Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан елінде 132-ге жуық ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. 7-слайд.

Ойыншылар екі топқа бөлінеді:

Ал, енді ойынымызды бастайық.

Бірінші тапсырма – викторина сұрақтарына жауап бересіңдер. Жауапты үш тілде беруге болады. Әр топ ұпай жинайды.

9-слайд.

Екінші тапсырма. Берілген сөздерді орыс тілінен қазақ және ағылшын тіліне аудару. 11-слайд.

Государство –

Язык –

Праздник –

Флаг –

Символ –

Дружба –

Страна –

Столица –

Мир –

Нация –

Үшінші тапсырма. Мақал-мәтелдер сайысы. 13-25-слайд.

Төртінші тапсырма. Сөзжұмбақ шешу. Берілген торкөздердегі жасырынған сөздерді табыңдар. Кім көбірек табар екен?

п	ы	н	ы	с	р	е	і
і	р	м	е	к	т	е	п
у	к	у	і	а	з	к	к
б	о	в	д	і	н	і	ы
о	н	ы	р	а	у	т	ш
р	і	г	о	ч	м	а	у
і	т	а	к	т	а	п	к
б	а	г	а	і	у	б	о

Бесінші тапсырма. Үш тілде жазылған жаңылтпаштарды тез және дұрыс оқулары керек.

1. Кеше шеше неше кесе сынды кеше?

2. Корабли лавировали лавировали, да не вылавировали.

3. I slit a sheet, a sheet I slit, and on that slitted sheet I sit.

Қорытынды. Қай топ көп ұпай жинағанын есептеп, бағалау.

Жаңылған АХМЕТОВА,
Ақмола облысының
Аршалы кентіндегі
№149 мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ НАУРЫЗ ТОЙЫ

- Қымбатты қонақтар, біздің мерекелік отауымызға қош келдіңіздер.

Дүниеге жарық берген, бірлік берген, махаббат, бақыт, ынтымақ, татулық берген шырайлы жыл басы – Наурыз құтты болсын!

- С праздником обновления, цветения, пробуждения, добра, света, счастья, согласия и любви!

1-жүргізуші:

- Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Наурыз тойы басталды,

Қызықтан тыс қалмаңыздар!

Наурыз келсе құт келгені, халайық

Шашу шашып, ел боп қарсы алайық.

2-жүргізуші:

- Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,

Той дабылын қағып тұрған

Мұнда біз бар.

Естімеген естіңіздер,

Тыңдамаған тыңдаңыздар!

Наурыз тойы басталды

Бір орында тұрмаңыздар!

1-жүргізуші:

- Күн мен Айға әлемнің

Берем ыстық сәлемін.

Қарттарыма сүйініп,

Сәлем берем иіліп,

Орындалсын ойларың,

Құтты болсын тойларың!

2- жүргізуші:

- Добрый день, дорогие гости!

Добрый день, дорогие учителя, ученики, все кто пришел к нам на праздник.

Вот и пришел долгожданный праздник. Праздник Весны – Наурыз! Давайте встретим его бурными аплодисментами.

1-жүргізуші:

- Наурыз парсы тілінде «Жаңа күн» деп аталады. Бұл күнде күн мен түн теңеледі. Жыл басы Наурызды халқымыз «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Бұл күні жұрт бұрынғы реніш-өкпені ұмытып, бір-бірінен кешірім сұрап, татуласып, жақсы тілектер айтады.

2-жүргізуші:

- Слово «Наурыз» с персидского означает «новый день». Это время равноденствия начала Нового года по восточному календарю или же праздник Наурыз. В этот день если ктонибудь кого-нибудь обидел, то должен просить прощения, мириться и поздравлять с праздником.

1-жүргізуші:

- Халықтың айтуы бойынша, наурыздың 21-22-сіне қараған түні Қызыр баба барлық босағаны аттап, төрге шығып, бақыт, мереке, қуаныш әкеледі. Дәстүр бойынша Қызыр бабаны ауылдың жеті жігіті қолдарына шырақ жағып қарсы алады.

2-жүргізуші:

- По народным преданиям в ночь 21-22-марта порог каждого дома переступает Қызыр баба, который приносит с собой счастье, удачи, радость. Его по традиции встречают 7 жигитов с зажженными лучинами в руках.

1-жүргізуші:

- Қош келдіңіз, құрметті Қыдыр баба, төрлетіңіз, қадірлі қонағымыз болыңыз. Балаларға батаңызды беріңіз.

2-жүргізуші:

- Добро пожаловать к нам, уважаемый Қыдыр баба, проходите на почетное место, дайте нам свое благославление.

Қыдыр баба:

- Ұлыс бақты болсын,
Әр күніміз жақсы болсын!
Достығымыз берік болсын!
Білім-өнер серік болсын!
Бестік баға мол болсын!
Ұлыс оң болсын!
Әумин!

1-жүргізуші:

- Шаңырағымыздағы бір жылдың ішінде жиналған жамандық кетсін деген ниетпен ортамызға бәйбіше шығып отпен аластасын.

2-жүргізуші:

- А теперь байбише произведет обряд «аластау», чтоб все плохое осталось в старом году и в новом году с нами было только хорошее.

Бәйбіше:

- О, Құдайым, зарыға күткен Жаңа жылым келді. Жаңа жыл, жарылқа; ескі жыл, есірке!

Менің ұрпақтарымды аман ет, пәле-жаладан сақтай көр!

Жамандық әрі кет, әрі кет!

Тазша бала:

- Туа сала атандым Тазша бала,
Мендей аңқау болмас-ау басқа бала.
Наурыз тойы өтеді дегенді естіп,
Көк есекпен желдірттім жас та бола.
Тойларыңыз құтты болсын!

Жүргізуші:

- Қош келіпсің, Тазша бала.

2-жүргізуші:

- Добро пожаловать, Тазша бала.
Кәнекей, кезекті әнге берейік.

Ән.

Алдар көсе домбырасын тарта әндетіп, мәз-мәйрам болып келеді.

Алдар:

- Мен Алдармын, алдармын,
Досымын адал жандардың.
Жақсыға талай серік болып,
Жаманды талай алдадым.

Жүргізуші:

- Қош келдіңіз, Алдар аға!

(Осы кезде Әже тойбастар алып шығады. Тойға келген соң ауылдың алты ауызы болады).

Жүргізуші:

- Тойбастар. Қазақ халқында кез келген мереке тойбастарсыз өтпейді. Тойды кім әнмен, бимен бастаса, сол осы тойды бастаушы болып есептеледі.

2-жүргізуші:

- Мына табақтағы ең басты заттарды сол адамға табыс етеді.

1-оқушы:

- Уа, ағайын, туысқан,
Наурыз күн туды шығыстан.
Сол тойға келдім шақырып
Ат терлетіп алыстан.

2-оқушы:

- Тақпақ айтам, Жыл басы,
Құлағың сап тыңдашы.
Бір балаға өзімдей
Тыныш өмір сыйлашы!

3-оқушы:

- Тақпағым бар жаттаған,
Соны айтып мақтанам.

Бір жасқа мені өсірді
Жаңа жыл жаңа аттаған.

4-оқушы:

- Күттіріп келген, Жыл басы,
Бізбен бірге жырлашы!
Дастарханына елімнің
Береке, ырыс сыйлашы!

5-оқушы:

- Әнім де саған, білім де,
Құт қонақ – өзің үйімде.
Қуаныш сыйлап еліме,
Күлімде, Наурыз, күлімде!

6-оқушы:

- Жас қосатын жасыңа
Жыл басы бұл – Наурыз!
Әр кіргізген асына
Бал татыған сары уыз.

7-оқушы:

- Көктем тойы – әніміз,
Көркем өнер – сәніміз.
Өлеңменен той сәнін
Өрнектейміз бәріміз.

8-оқушы:

- Наурыз – шаттық әніміз,
Салтанатты сәніміз.
Ән салып, жас-кәріміз,
Би билейік бәріміз!

Би: Гүлнұр, Данизат. «Аппақ гүлдер», Еркем-ай.
Частушки.

Ребята:

1. Мы приветствуем частушкой
Хорошо ли, плохо ли.
Мы – ребята веселушки
Вместе все мы учимся.
2. Ән жырменен қарсы аламыз,
Жақсы ма әлде жаман ба.
Өлең айтып, қарсы аламыз,
Біз – көңілді ұл-қыздар!
3. Во всем мире Казахстан
Добротою славиться
Этот добрый праздник
Людам очень нравится.
4. Күллі әлемге Қазақстан
Атақ-даңқы жайылған.
Міне, Жаңа Наурыз
Халықтарға ұнаған.
5. Бай, бәйбіше, абыстай,
Всех на праздник приглашай,
Проходи, давай, не стой,
Ждет тебя веселый той.
6. Бай, бәйбіше, абыстай,
Тойға шақыр халықты.
Босқа қарап тұрмаңыз,
Наурыз тойын тойлаңыз.
7. В дастархане бауырсаки
Бери, быстрее налетай.
Кушай до сыта, не стой
И запомни этот той.
8. Дастарханда – бауырсақ,
Тойғаныңша алып қой.

Көңілді бұл мереке
Есте қалсын, Наурыз той!
Сұлу қыз. Көрініс.

Әже:

- Жыл бой тоқшылық болсын, қазанымыз оттан түспесін, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен Наурыз көже ұсынамыз. Ол жеті тағамнан тұрады: су, тұз, бидай, май, сүт, ет, арпа.

Әже:

- Ау, аталар, аналар,
Айналайын, балалар,
Жеп-ішсін деп тамсанып,
Жеті түрлі дәм салып,
Наурыз көже пісірдім.
Наурыз көже таратылады.

Ауыз тию.

1-жүргізуші:

- Тойға ұлассын тойыңыз деп айтамыз,
Той тарқады, енді біз не айтамыз?
Нені білдік бұл тойда, нені көрдік?
Той иесі, енді рахмет айтамыз!

2-жүргізуші:

- Вот и закончился праздник. Еще раз с праздником Весны! Пусть этот день запомнится навсегда. Пусть этот день песней останется в наших сердцах.

С праздником Наурыз!

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Бата айтылады.

Ән: «Наурыз тойы».

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басауға 04.04.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1121. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№4, 2014 ж., 144 бет, Алматы.